

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми-қөшпілік журналы**

**Научно-популярный журнал Павлодарского
государственного университета имени С. Торайгырова**



2001 жылы құрылған
Основан в 2001 г.

ЕЛКЕТАНУ

КРАЕВЕДЕНИЕ

1-2' 2017

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14207-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
4 марта 2014 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Акшиев А. А., д.полит.н., профессор (главный редактор)
Молдакимова А. С., к.и.н., доцент (зам. главного редактора)
Батталов К. К., к.и.н. (ответственный секретарь)

Члены редакционной коллегии:

Абжанов Х. М., д.и.н., профессор;
Абусеитова М. Х., д.и.н., профессор;
Артықбаев Ж. О., .и.н., профессор;
Алдабергенов К. М., д.и.н., профессор;
Богуслав Р. Загорски, профессор (Польша);
Власов А. В., д.и.н. (РФ);
Исмагулов О. И., д.и.н., академик НАН РК;
Кабульдинов З. Е., д.и.н., профессор;
Кумеков Б. Е., д.и.н., профессор, академик НАН РК;
Октябрьская И. В., д.и.н. профессор (РФ);
Токо Фудзимото, доктор PhD (Япония);
Уильям Фиерман, профессор (США);
Цыряпкина Ю. Н., к.и.н., доцент (РФ);
Нургожина Б. В. (технический редактор):

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискецы не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Өлкетану – Краеведение» обязательна.

© ПГУ им.С.Торайгырова

МАЗМҰНЫ

Абдуев Д., Молдакимова А. С.

Жаппай қырып-жою қаруларының өндірілуі мен таратылуы 9

Айткенов З. Ш., Жумабаева М. С.

Ш. Уәлихановтың еңбектеріндегі саяси реформа..... 16

Алибекова А., Молдакимова А. С.

Қазақстанда шетелдік инвестицияларды тарту және қолдану мәселе..... 20

Дюсекенов Е. Е., Марданова З. Ж.

KCPO Конституциясындагы адам бостандығы және эволюция құқығы..... 25

Жанкабаева М., Молдакимова А. С.

Қазақтардың кәсіткерлігіне жәрмеңкелердің мәні 31

Жумабаева М. С., Шарипов А. Т.

Ертіс өніріндегі қан қақсатқан қасиетті аштық зардалтары 37

Жумабай А. Е., Муканова А. Н.

XIX г. соңы – XX г. басында ресейдің шығыстану қоғамдастықтары мен гылыми мекемелеріндегі арабтану..... 42

Жұмағұл Ф. Б., Каскабасова А. А.

Қазақстан халқы санының өзгеруіндегі ұжымдастыру мен ашаршылықтың факторы 51

Қалыш А. Б., Білтаева А. Ж.

Қырым татарларын Қазақстанга қүштеп қоныс аудару тарихынан 56

Капсак Е. С., Марданова З. Ж.

Кеңес номенклатурасы: ақпарат түсінігі мен перспективаларын зерттеу..... 60

Катеев А. М., Молдакимова А. С.

Қазақстан жерінің зергерлік онерінің тарихы..... 65

Конырханова Ж., Молдакимова А. С.

Қоғамдағы географиялық ортанның рөлі 71

Мадыбекова А. К., Жусупова Л. К.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының түсінігі және мәні 75

Айткенов З. Ш., Райсбек Y.

Қазіргі Қазақстандагы Ислам дінінің ахуалы 80

Сарсембаев Т. К., Марданова З. Ж.

Кеңес дәуіріне дейінгі Қазақстанда салық тарихы туалы мәселе 87

Өлкетану - Краеведение 1-2'2017

СОДЕРЖАНИЕ

Сауырбаева Ж. Б., Марданова З. Ж.	
<i>Еуразия территориясындагы тарихи сауда жолдары</i>	92
Турганбекова С. С., Марданова З. Ж.	
<i>Заманауи Орталық Азия жаһандану, интеграция және ыдырауы</i>	96
Шарипов А. Т.	
<i>«Казак» газетінің дәүірі</i>	103
Шарипов А. Т., Жумабаева М. С.,	
<i>Алаш партиясы және Сталиндік құгын-сүргіндер</i>	106
Шарипов А. Т.	
<i>«Алаш» партиясының бағдарламасы</i>	110
Авторларга арналған ережелер	114

Абдуев Д., Молдакимова А. С.	
<i>Производство и распространение оружия массового уничтожения</i>	9
Айткенов З. Ш., Жумабаева М. С.	
<i>Политическая реформа в трудах Чокана Валиханова</i>	16
Алибекова А., Молдакимова А. С.	
<i>К вопросу привлечения и использования иностранных инвестиций в Казахстане</i>	20
Дюсекенов Е. Е., Марданова З. Ж.	
<i>Эволюция прав и свобод человека в конституциях СССР</i>	25
Жанкабаева М., Молдакимова А. С.	
<i>Значение ярмарок в предпринимательстве казахов</i>	31
Жумабаева М. С., Шарипов А. Т.	
<i>Трагические последствия голода в Прииртышье</i>	37
Жұмабай А. Е., Муканова А. Н.	
<i>Арабистика в востоковедных и научных учреждениях России в конце XIX – начале XX в.</i>	42
Касқабасова А. А., Жұмағұл Ф. Б.	
<i>Коллективизация и голодомор как фактор изменения численности населения Казахстана</i>	51
Калыш А. Б., Бильтаева А. Ж.	
<i>Из истории депортации крымских татар в Казахстан</i>	57
Капсак Е. С., Марданова З. Ж.	
<i>Советская номенклатура: понятийный аппарат и перспективы изучения</i>	60
Катеев А. М., Молдакимова А. С.	
<i>История ювелирного искусства казахской земли</i>	65
Конырханова Ж., Молдакимова А. С.	
<i>Роль географической среды в жизни общества</i>	71
Мадыбекова А. К., Жусупова Л. К.	
<i>Сущность и понятие правовой политики Республики Казахстан</i>	75
Айткенов З. Ш., Райсбек Ү.	
<i>Состояние религии Ислам в современном Казахстане</i>	80
Сарсембаев Т. К., Марданова З. Ж.	
<i>К вопросу об истории налогов досоветского Казахстана</i>	87
Сауырбаева Ж. Б., Марданова З. Ж.	
<i>Исторические торговые пути на территории Евразии</i>	92

CONTENTS

Турганибекова С. С., Марданова З. Ж.	
<i>Глобализация, интеграция и дезинтеграция</i>	
в современной центральной Азии	96
Шарипов А. Т.	
Эпоха газеты «Казах».....	103
Шарипов А. Т., Жумабаева М. С.	
Партия Алаи и Сталинские репрессии.....	106
Шарипов А. Т.	
Программа партии «Алаи».....	110
Правила для авторов.....	114

Abduev D., Moldakimova A. S.	
<i>Production and distribution of weapons of mass destruction</i>	9
Aytkenov Z. Sh., Zhumaeva M. S.	
<i>Political reform in the works of Chokan Valikhanov.....</i>	16
Alibekova A., Moldakimova A. S.	
<i>To the question of attraction and use of foreign investments in Kazakhstan.....</i>	20
Dysekenov E. E., Mardanova Z. Sh.	
<i>The evolution of human rights and freedoms in the Constitution of the USSR</i>	25
Shankabaeva M., Moldakimova A. S.	
<i>The importance of fairs in the enterprise of Kazakhs.....</i>	31
Zhumabaeva M. S., Sharipov A. T.	
<i>The tragic consequences of hunger in the Pavlodar Priirtyshye.....</i>	37
Zhumabay A. E., Yelmuratova B.	
<i>Arabic studies in the oriental and scientific institutions of Russia in the late XIX - early XX century</i>	42
Zhumagul F. B., Kaskabasova A. A.	
<i>Collectivization and famine as a factor of population change in Kazakhstan.....</i>	51
Kalysh A. B., Biltayeva A. Zh.	
<i>From the history of deportation of Crimean Tatars to Kazakhstan</i>	56
Kapsak E. S., Mardanova Z. Sh.	
<i>Soviet nomenclature: conceptual apparatus and prospects of studying.....</i>	60
Kateev A. M., Moldakimova A. S.	
<i>History of jewelry art of the Kazakh land</i>	65
Konyrkhanova Sh., Moldakimova A. S.	
<i>The role of the geographical environment in the society.....</i>	71
Madybekova A. K., Zhusupova L. K.	
<i>The essence and concept of legal policy in the Republic of Kazakhstan....</i>	75
Aitkenov Z. Sh., Raisbek U.	
<i>The state of Islam in the modern Kazakhstan</i>	80
Sarsenbaev T. K., Mardanova Z. Sh.	
<i>The historical roots of taxation in pre-Soviet Kazakhstan.....</i>	87
Saurbaeva Sh. B., Mardanova Z. Sh.	
<i>Historical trade roads on the territory of Eurasia.....</i>	92

Turganbekova S. S., Mardanova Z. Sh.	
<i>Globalization, integration and disintegration in contemporary</i>	
<i>Central Asia</i>	96
Sharipov A. T.	
<i>The epoch of the newspaper «Kazakh»</i>	103
Sharipov A. T., Zhumabaeva M. S.	
<i>The Alash party and the stalinist repressions</i>	106
Sharipov A. T.	
<i>The program of the party «Alash»</i>	110
Rules for authors	114

ӘОЖ 94(574)

Д. Абдуев¹, А. С. Молдакимова²

¹студент; ²т.ф.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар к.

ЖАППАЙ ҚЫРЫП-ЖОЮ ҚАРУЛАРЫНЫң ӨНДІРІЛУІ МЕН ТАРАТЫЛУЫ

Мақалада XX-XXI ғасырданың жаппай қырып-жою қару ондірісінің тарихи-аспектилері қарастырылады.

Кілтті сөздер: қырып жою қаруы, тарих, қару, химия, соғыс.

KІРІСПЕ

Жаппай қырып жою қаруы — жаппай шығынға ұшырату немесе кирату үшін колданылатын жою қабілеті жоғары қару. Жаппай қырып жою қаруының жою факторлары оны қолданудан кейін белгілі бір уақытта қарсыласты шығынға ұшыратуы және оған қашті моральдық, психологиялық әсер етуі мүмкін.

Жаппай қырып жою қаруының обьектілөрі тек қарулықштер топтартығанда емес, сонымен бірге қарсыластың алыстағы тылы, саяси әкімшілік орталықтары, ірі калалары мен өнеркәсіп орындары, адамдар, олардың еңбек өнімдері жоғе өмір сүрудің табиги ортасы (топырақ жамылғы, өсімдіктер мен жануарлар, климаттық және геофизикалық элементтер) болып табылады. Заманауи жаппай қырып жою қаруларының катарына ядролық, химиялық бактериологиялық және биологиялық қарулар жатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Химиялық қарулар мен жасанды тұтіндер әскери іс-кимылдар кезінде бірнеше мыңжылдықтар ішінде нәтижелі қолданылып келсе де, әскери тарихшылардың көбінің пікірінше химиялық қарудың алғашқы қолданысы 1945 жылы 22 сәуірде I дүниежүзілік соғыс кезінде болған. Неміс әскери (Бельгия) Ипр өзенінің бойында француздар әскеріне қарсы

хлорды пайдаланған. Француздар улы газга қарсы шарасыз болып, нәтижесінде 5000 мыңға жуық адам қаза тауып, 10 000-ға жуығы зақым алған [1, 109 б.].

Келесі әскери іс-шаралар аясында химиялық қару кеңінен қолданыла бастаған. Хлор мен катар улы заттар ішінде фосген, көгерктіш қышқылы, иприт пайдаланылған. Жалпы I дүниежүзілік соғыс жылдарында химиялық қарулардың кесінен 1 миллион астам адам қаза болған, сондықтан ол жаппай қырып-жою қару тізіміне жатады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында химиялық қару түрлерінің дамуы мен жетілдірілуі капиталистік елдерде тоқтамады. Фашистік Германияда жүйке жүйесін зақымдап, адамды паралич қылдыратын иссіз, түссіз жана улағыш қарулардың түрлері шығарыла басталды. Олар иприттен 75 есе улы болып келген. Бұл улағыш заттардың ашылуы кездесе болған. 1936 жылы инсектицидтерді қолдану барысында (зиянды жәндіктерді өлтіруге қолданылатын химиялық қоспа) доктор Герхард Шрадер фосфорорганикалық эфирді синтездеді, кейіннен бұл табун атауымен өндіріліп көпшілікке мәлімделді. 1938 жылы келесі аналогиялық зерттеулер табуннан да улы қоспа – заринде дүниеге әкелді. Ушінші – адамның жүйесін зақымдайтын жана улы қару түрі 1944 жылы зоман атымен

белгілі болды. Уш жаңа улы қару түрі де адамға қатерлі, себебі қолданыстан кейін бірнеше минут ішінде адамға әсер етіп, өмірін кіған. Нацистік Германия улы газдарды қолдану арқылы адамдарды мертіктірудің неше түрлі жаңа тәсілдерін шығарудан жалықпады. Мәселең әскери тұтқындардан құтылу үшін газбен қолданып жібере алмайтынына ешқандай кепілдік жок.

Ядролық қару екінші дүниежүзілік соғыстың сонына қарай АҚШ-та әр түрлі жерден жиналған физиктердің жұмыс нәтижесінде ойлап табылды. Олардың катарында Европадан АҚШ-қа эмиграциаланған (А. Эйнштейн, Э. Ферми, Р. Опенгеймер, Л. Сциллард және т.б.) жасап шығарған. 1945 жылы 16 шілдедегі бірінші сынектан кейін американлық билеуші топтары B-29 ұшағына бомбаларды тиеп, жауыздық ниетпен Жапонияның Хиросима (1945 жылы 6 тамыз), Нагасаки (1945 жылы 9 тамыз) бомбылауды жүргізеді. Нәтижесінде 250 мың бейбіт түрғын қаза тапты. Белгілісі, екі Жапон қаласын киратқан, әрбірі 20 кг. болатын атомдық қаруы әскери қажеттіліктен тұмаған, тек қарудың құштілігінің көрінісі мен саяси сипаттаған болды. АҚШ-тың бұл әрекеті ең бірінші кезекте КСРО-ның басшылығына арналды. Әлем сұық соғыс өртіне оранды. Жасырын түрде қырып-жою қаруларының өндірісі арасындағы бәсеке, физика мен химия арасындағы жетістіктер, барлығы капиталистік пен коммунистік бағыт қана ұстанған екі ірі держава арасындағы әлем үшін таласы [4, 51 б.]

1949 жылы И. В. Курчатов бастаған КСРО ғалымдары атом қаруын жасап, алғашқы сынектарын 1949 жылы алғашкы жүргізеді. Сынектар Қазақстанның жерінде, Семейдің топырағында еткізілді. Алғашкы атом сынағы үшін әскери құрылышылар көлемі 300 шаршы километр «тәжірибе аланын» дайындағы. Алаңның қакортасындағы 30 метрлік темір мұнараның төбесіне қуаты 20 килотоннан ядролық

заряд орнатылды. Айнала темірбетон корғаныштар, бронды мұнаралар мен доттар бой көтерді. Орталықтан әр түрлі қашықтықта әскери техника, артиллерия қаруы, танктер, ұшактар, автомобилдер, бронемашиналар орналастырылды. Салынған пана-жайлардың көпшілігіне тәжірибе жасалатын хайуаннтар – койлар, шошқалар, иттер, атжамандар кіргізілді. Одан сәл қашықтау тұтас бір қалашық – үш қабатты түрғын үйлер, өнеркәсіп орындары, жер асты жолы, теміржол және автомобиль көпірлері салынып, оларда жанар май құйылған вагондар мен цистерналар тұрды. Аланға әскери форма кигізілген адам кейіндегі заттар, азықтулук салынған жәшіктер койлды. Мұның бәрі ядролық жарылыштың алапат құшінін, қуатын зерттеу үшін дайындалды [3, 76 б.]

1949 жылы 29 тамызда таңертеңгі сағат 6.30-да Абай және Абыралы аудандарында халыққа алдын ала ескертілмesten қуаттылығы 30 килотонна болатын бірінші жарылыш жасалды. Мұнда 1951 жылы 18 казанда уран бомбасы, 1953 жылы 12 тамызда жер үстінде дүние жүзінде алғаш рет қуаттылығы 500 килотонна болатын сутек бомбасы сыналды.

Семей ядролық полигонында 1961–1962 жылдары әуеде және жер үстінде 50-дей ядролық бомба сыналды, 1963–1988 жылдары жыл сайын 14–18 сынақ өткізіліп, Жер астында барлығы 343 ядролық жарылыш жасалды. Осы жарылыштардың әсерінен радиоактивті шеңгінділер жарылыш болған әпицентрден бұлттар мен жел арқылы тарапталды. Сынақ жүргізілген жерлерде радиацияның деңгейі 448 Бэр-ге жеткен. Семей ядролық полигонында ауада және Жер бетінде сыналған ядролық зарядтардың косынды қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 2,5 мың есе асып түсті [5, 13 б.]

Сынақ аймағын радиациялық тексеруден өткізгенде, ондағы радиоактивті заттардың (цеций-137,

стронций-90, плутоний-239; 240, кобальт-60) мөлшері қалыпты мөлшерден бірнеше есе жоғары екені анықталды. Зиянды радиоактивті заттар топыракты, суды, егістік жерлерді және мал жайылымдарын ластиады. Семей аймағында халқы сөүлеге ұшырау мөлшеріне қарай 3 категорияға бөлінеді: 1-категорияға – жарылыш әпицентрінен 100–150 км қашықтықта орналасқан Абай, Бесқарағай және бұрынғы Абыралы, Жанасемей, Шұбартау ауданды мен Семей қаласы жатады; 2-категорияға – 150–300 км жерде орналасқан Жарма, Аяғөз, Бородуиха және бұрынғы Шар, Жанашүлбі аудандары кіреді; 3-категория әпицентрден 300 км-ден әрі орналасқан Үржар, Көкпекті және бұрынғы Таскесекен, Ақсат, Мақаншы аудандарының тұрғындарын қамтиды [5, 14 б.]

Бұл қала бірде бір географиялық картада көрсетілмеген. Курчатов – Павлодар облысының Май аудандындағы кала. Ресми түрде Шығыс Қазақстан облысының құрамына кіреді. Семей қаласынан солтустік-батысқа қарай 130 км. жерде, Ертіс өзенінің сол жағасында орналасқан. 1947 жылы әскери горнizon ретінде қаланды. Аса құпия жер болғандықтан онын аты жиі өзгеретін. Москва-400, Семей-21, Ақырғы нұкте, ал 1974 жылы қалалық статус алғып, Курчатов болып атталды. Мұнда Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының Бас дирекциясы орналасқан.

Мұнда зерттеу және эксперимент жасау жұмыстары үшін барлық жағдай жасалды, ал тұрғындар үшін «коммунистік пейіш» орнады. «Курчатов қаласында И. Курчатов, Ю. Харитон, А. Сахаров, Я. Зельдович сияқты кеңестік көрнекті физиктері уақытша тұрып, жұмыс істеді.

Семей ядролық полигонындағы жергілікті тұрғындарды медициналық тексеруден өткізгенде тұқым куалайтын ауруға шалдыгуына байланысты адамдарды, әсіресе, жасөспірімдердің

арасында ерте қайтыс болу жиі кездесетіні анықталған. Сондай-ақ көтерлі ісік, сүйек тіндерінің аурулары, иммунды жүйелер мен қан құрамының бұзылуына байланысты ауруға шалдыққандар көп.

Қазақстандағы Семей ядрлық полигонының жабылуына ақын, жазушы, қоғам кайраткери Олжас Сүлейменовтың атқарған еңбегі орасан. «Неведа-Семей» қозғалысының тыныссыз жүргізілуінің нәтижесінде Семей, Караганды, Павлодар аймақтарында зардал шеккен адамдарға көмек корлары пайда болды. Республика халқынан кеңінен қолдан тапқан қозғалыс ядролық жарылыстарға қарсылық білдіріп, әлемдегі ядролық қауіпті жоюды мақсат етті, Семей ядролық полигонында ядролық сыйнектарды тоқтатуға код жеткізді.

Сынақтарды тоқтатуға көз жеткізді. Антиядролық қозғалыстың күш-жігері арқаында 1989 жылы жоспарланған 18 ядролық сынақ саны 7-ге дейін азайтылды. Ең соңғы ядролық сынақ осы жылдың 19 қазанында жасалды. Айта кетер жайт, қозғалысқа көрі-жас, үлкен-кіші демей халық бір кісідегі жұмылды. Соның арқасында жарты ғасыр індеп ошағы болған дерпті аумақ жабылды. Антиядролық қозғалысқа қатысушы Қарағандының 130 мын шахтері егер ядролық сынақ тоқтамаған жағдайда мерзімі шектеусіз ереуілге шығатындарын мәлімдеген болатын [6, 23 б.].

1989 жылы ақпанның 12-і мен 18-і күндері өскерилер ешкімге ескертпей, Семей полигонында атом бомбасының сынағын өткізді. Сынақ кезінде жердің жарығынан оқшау (инертті) газдар ауаға бөлініп шықкан екен. Улы газ алдымен Курчатов қаласының маңындағы Шаған қаласын басып, артынан жел тұрып, газды Алтай өніріне айдал әкетеді. Бұл жайтты естіген сол кездегі Қазақ КСР Коммунистік партиясының Семей облыстық комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев КСРО Орталық комитетіне сынақты тоқтатып, сол жердің халқына көмек көрсетуді талап еткен мазмұнда шифрограмма жібереді. Бұл атом каруының сыналуына қарсы

ашық түрде жасалған шаралардың бірі болатын.

Сол кездері Семей облысының атынан КСРО депутаттарының I съезінө қатысқалы отырған О. Сүлейменов 1989 жылы 28 ақпанды ядролық сынаққа қарсы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын құру туралы үндеу тастады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, егемен еліміздің көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол койды.

Ядрлық қарумен жабдыққан елдер қатарында 1952 жылы – Англия, 1960 жылы – Франция, 1964 жылы – Қытай. 1974 жылы – жер асты жарылысын – Үндістан жүргізді. 1979 жылы біріккен ядрлық сиңақты Оңтүстік Атлантикада ОАР және Израил жүррігізеді. Пакистан мемлекеті де ядрлық қаруды жасауды белсенді турде жүзеге асырмақшы.

Ядролық қарудың өлемге қауіпті сәті «Кариб дағдарысы» барысында орына ала жаздады. 1959 жылы қаңтарда Кубадағы төңкеріс нәтижесінде үкімет басына коммунистер келіп, құлатылған үкімет жақтаушылары АҚШ-тан көмек сұрады. АҚШ кубалық эмигранттардан қарулы жасақ үйымдастырып, олар 1961 жылы сәуірде Кастро үкіметіне шабуыл үйымдастырды. Шабуыл сәтсіз аяқталғанымен АҚШ Кубадағы коммунистік үкіметтен құтылу піфылынан бас тартқан жоқ. Ал КСРО үкіметі Кастро режимін сақтап калуға тырысты. Осы мақсатта КСРО басшылары Кубага Кенес Одағының ракеталарын орналастыру жөнінде құпия шешім қабылдады. 1962 жылы тамызда АҚШ-тың барлау мекемесінің басшысы президентке Кубада ракеталық кешенге үксас құдікті құрылыш салынып жатқанын мәлімдеді. Мұкият барлау нәтижесінде Кубага КСРО-дан 42 ракета, 40 мың әскер орналастырылғаны мәлім болды. АҚШ үкіметі КСРО Сыртқы істер министрлігінен Кубага орналастырылып жатқан қару жөнінде

нақтылы жауап ала алмағаннан кейін, 22 қазан күні Кубаны теңізден де, әуеден де коршауға алып, оқшаулады [7, 15 б.].

Әскери – теңіздік қоршау жөнінде көптеген мәселелер болды. Зантуралы сұрап болды – Фидель Кастро карастырып кеткендей, зымырандарды орнатуда ешқандай заңсыз іс-әрекеттер болмады. Әрине, олар АҚШ-қа қауіп төніп тұрды, бірақ, дәл сондай КСРОны кирататын зымырандар Еуропа территориясында тұрды. 60 зымыран «TOP» Ұлыбританиядағы Ноттингемде 30 зымыран «Юпитер» Италиядағы Джодель Колледе, 15 зымыран «Юпитер» Түркиядағы Измир қалаларында орналастырылған еді.

22 қазан күні американдықтар мекенес үкіметіне теледидардан хабарлама жасады. Ол, Кубада зымырандардың бар екенін мойындал, Кубаны әскери - теңіздік қоршауға алатынын жариялады. Және, Кенес Үкіметін «Жасырын іс-әрекеттер жасағаны үшін, адастыру тaktikасын ұстанғаны үшін» айыптауды Куба территориясынан егер АҚШ-ка бірді – бір зымыран бағытталса, онда ол АҚШ-қа карсы соғыс жарияланғаны деге есептелетінін Джон Кеннеди айтып кетті.

Американдықтарға қолдау көрсөттөнбейтінің батыс елдер одактастары болды. Америка мемлекеттерінің ұйымы толықтай қоршауға алу стратегиясын қолдады. Никита Хрущев қоршауға алу заңды еместігін және әрбір кеңес үкіметінің кемелері оны елемейтінің жариялады. Егер, бірде-бір американдық кеме кеңес үкіметінің кемесіне шабуыл жасаса, онда кеңес үкіметі тез арада жауап беріп, кайтаратынын ескеріп кетті.

Дегенмен, 24 қазан күні сағат дәл 10:00 де Куба аралы қоршауға алынды. Куба аралын 180 АҚШ ВМС кемелері қоршады, бірақ оларға президенттің рұқсатының көнесп үкіметінің кемелеріне оқ атуға тыйым саланды. Дәл осы кезде, Кубага 30 кемелер, оның ішінде «Александровск»

жүгі – ядролық қару жақаңтар және
4 кеме ядролық зымырандарымен келеді.
жатты. Соған коса, кемелерді алып жүрген
4 дизельдік су асты кемелері болды.
Хрущев Кубага жеткен барлық кемелер
және су асты кемелері барған жолынан
қайтпасын деген шешім қабылдады. Бірақ
енди КСРО жерінен шыққан кемелер қайта
қайтарылды [8, 101 б.].

27 қазан күні кеңестік зенитшілер Куба әуе кеңістігін барлап жүргөн АҚШ ұшағын атып түсірді. АҚШ әскерилері президенттен Кубаны дереке атқылауға рұқсат беруін талап етті. Президент 28 қазан күні шешім қабылдауға тиіс болды. Сол күні танертен Қеңес үкіметі өз әскерлері мен ракеталарын көрі әкететінің мәлімдеді. АҚШ өз тарапынан Кубаның қауіпсіздігіне кепілдік беретін және бұрын басып алған Гуантамо әскери-теніз базасын көрі қайтаратын болды.

Кариб дағдарысы 11 қыркүйектен 21 қарашаға дейін жалғасты. Мұның артынан тарихшылар «XX ғасырдың ең күнінде өткөн күн» деп атады. Соғыс қаупі «карапы сенбі» атанған 27 қазан күні шырқау шегіне жетті, бұл күні кубалықтар американалық барлаушы-ұшақты атып түсірді, ал АҚШ әскери-теніз күштерінің кемелері кеңестік сұнгуір қайықтың су бетіне шығуға мәжбүрледі. Дегенмен, сол қараша айында КСРО мен АҚШ басшылары бейбіт келісімге келіп, дағдарыска нүктे койылды. КСРО амалсызың қашама шығын жасап алып барған зымырандарын Кубадан алып кетуге мәжбүр болды. Ал АҚШ оның өтемінде Түркия, ФРГ және Италиядың КСРО-ның көздел койған зымырандарын шығарды. Осылайша әлем ядролық қақтығыстан, бір апарттан аман қалды.

Қазіргі таңда өскери істін дамытудың жаңа этаптары қолға алынуда. Әлемдік қауымдастықтардың түсінігі артып, кішігірім ядрлық сыңақтың өзі адамзатқа үлкен қауіп төндіретін айтып тыйым салуларды күштейтіп келеді. Себебі,

ядрлық соғыс қолданысында, жалпы соғыс атауында жеңімпаздар болмайды, тек кана толық континенттердің жоғалуымен адамзаттың құруымен тынады.

Мысалы, атом электростанцияларының химиялық, биологиялық, мұнай өндеу орындары да адамзатқа қауіпті. Олардың қирауы нәтижесінде адамзаттың болашагы мұлдем құриды. Бұған жоғарыда айтылған мысалдармен тарих күе. Жоғарыда атап кеткен, Невада-Семей әлем мемлекеттеріне үлгі болатын қозғалыс. Бұл жайында Олжас Сүлейменовты: «Ядролық синақтарға әлемде іс жүзінде тыйым салынды. Сәйкес құжаттар да қабылданды. Бірақ, ол құжаттарға қол коймай отырған ірі әлемдік ядролық державалар бар. Біз солармен қуресте бірігуіміз керек. Ондай мемлекеттер АҚШ, Ресей, Солтүстік Корея, Англия, Қытай ядролық қаруды толығымен жоюға қарсы болады, әрине. Олардың артынан ядролық қаруға қол жеткізгісі келетін тағы 20 мемлекет тізімде тұр. Ядролық қаруды пайдалану әлемде үлкен конфліктілерге әкеп соғады. Менің ойымша, ядролық соғыс басталса адамзаттың көрер күні аз қалады деген сөз. Сондықтан, осы бағытта қуресті қүшетуіміз керек. Адамзаттың өзін-өзі өлтіру құралын дамытуға бірінші болып тоқсаяуыл койған Қазақстан халқына адамзат бір кездері өз алғысын айтар», - деді ол.

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР президенті Н. Ә. Назарбаевтың ядролық қарудан мұлдем бас тартуы, әлем елдеріне үлгі. Н. Назарбаевтың бастамасымен БҰҰ аясында **2011 жылдың казан айының 12 жүлдізы** күні Астанадағы, Тәуелсіздік сарайында Ядролық синақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күніне арналған шаралар төнірегінде «Ядролық қарусыз әлем

үшін» атты халықаралық форум өткен болатын. Бұл халықаралық форумға БҰҰ, МАГАТЭ, ЕҚЫҰ, ЯСЖТКҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ЮНЕСКО, ЕурАЗЭҚ сияқты халықаралық және аймақтық үйымдардың басшылары мен екілдері, АҚШ, Жапония, Норвегия, Бельгия, Ұлыбритания, Франция, Ресей Федерациясы, Словакия, Швейцария, Пәкістан, Ирак, Түркия, Корея, Монголия, Вьетнам және басқа да елдер парламенттерінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Әлемнің көптеген мемлекет басшылары мен кеменгер саясаткерлері басқосқан келелі жиында алғашқылардың бірі болып сөз сөйлеген Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ядролық қарудан қаншалықты зардап шеккендігін, ендігі жерде сол зардапты ешкімнің шекпейін қалайтындығын айта отырып, Қазақстан жер бетіндегі қауіпсіздік пен бейбітшіліктің жақтаушысы екендігін жеткізді. Қазақстан жасаған бұл қадамның маңызы шын мәнінде уақыт пен кеңістікте алдыңғы кезекке шыкты. Сондықтан 29 тамыздан біздің бастамамызбен БҰҰ тарапынан Ядролық синақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялануын заңдылық деп қабылдаймыз», – деді президент [9, 41 б.].

Қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтың С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде: «Ұлттың күші арсеналда емес, кітапханалар мен университеттерде» – деп, атауы көпшілікке үлкен ой салады.

Біздің болашағымыз жаппай қырып жою-қаруынсыз бейбіт әлемде тіршілік жасау. Менің ойымша, ынтымак пен бірлік, әлем халықтары арасындағы толеранттылық пен достық қарым-қатынастар, жер шарындағы адамзаттың бір үйінан отбасындей өмір сүруінің дінгегі болуы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Богданов, Р. Г.** Ядерное безумие в ранге государственной политики. – М., «Наука», 1994. – 277 с.
- 2 **Давыдов, С. Л.** Ядерный взрыв в космосе, на земле и под землей. – М.: «Просвещение», 1984. – 196 с.
- 3 **Морохов, И. Д.** «Хиросима». - М.: «Красная звезда», 1989. – 130 с.
- 4 **Рожнятовский, Т. И., Жултовский, З. А.** Биологическая война. Угроза и действительность. - М., «Медицина», 2001. – 176 с.
- 5 **Абишев, М.** Движение «Невада – Семипалатинск» // Простор.– 2002. – №2. – С. 10-15.
- 6 **Аупбаева, Ж.** Время в судьбе поэта // Казахстанская правда. – 1996 г. – № 4. – С. 23.
- 7 **Канапьянов, Б.** Быть далеко услышанным (к 70-летию О.Сулейманова) // Казахстанская правда. – 2006. – № 3. – С. 15-16.
- 8 **Сулейманов, О. Ж.** Кто есть кто в Республике Казахстан 2003. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Золотой телёнок», 2003. – 142 с.
- 9 Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның егеменді ел ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы – Алматы : Дауір, 1992. – 56 б.

Материал 10.06.17 баспаға тусти.

Д. Абдуев, А. С. Молдакимова

Производство и распространение оружия массового уничтожения

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.17.

D. Abduev, A. S. Moldakimova

Production and distribution of weapons of mass destruction

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 10.06.17.

В данной статье рассматриваются исторические аспекты причины производства и распространения оружия массового поражения в XX-XXI веке.

This article examines the historical aspects of the cause of production and distribution of weapons of mass destruction in the XX-XXI century.

Д. АБДУЕВ, А. С. МОЛДАКИМОВА

3. Ш. Айткенов¹, М. С. Жумабаева²

¹Т.Ф.К., қауымдастырылған профессор (доцент), С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар к.;
²Қ.Шұлембаев атындағы орта мектебі, Ақсу к.

Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ САЯСИ РЕФОРМА

Бұл мақалада автор Шоқан Уәлихановтың Қазақстан тарихы мәселелеріне арналған ғылыми еңбектеріндегі саяси реформа сөз болады.

Кіттің сөздер: реформа, сот, демократия, зерттеу, прогресс.

КІРІСПЕ

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы саяси идеология ретінде ағартышылық кең өріс алды. Қазақтың ойшыл ғалымы демократ-ағартушы Ш. Уәлиханов қазақ халқының әлемдегі өркениетті елдер катарына қосылуы үшін қажетті саяси-әлеуметтік, мәдени қызметтер атқарды. Шоқан тарихшы, саяхатшы, этнограф ғалым ретінде Орта Азияның, Қазақ елінің, батыс-Қытайдың тарихы мен мәдениетіне ғылыми зерттеулер жүргізе отырып, саяси-әлеуметтік, құқықтық мәселелерді іс жүзінде шешу жолдарын қарастыры, әсіресе қазақ халқын патша шеңеуліктің мен жергілікті билік нелерінің зорлық-зомбылығынан корғау мәселесін жария етті. Ол қоғамдағы үстем тап өкілдерінің саяси көзқарастары халықтың ізгі мақсаттарына әсер ететінін атап көрсетті. Сол себепті Шоқан Уәлиханов бұхара халықтың демократиялық құқығы мен бостандығын дамыту жолында елеулі қызметтер атқарды.

Экономикалық, әлеуметтік, саяси реформаларға үлken мән беріп революциялық туралы өзінің прогрессивтік саяси-әлеуметтік идеяларын ұсынды. «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде «Біздің заманымызда халыққа етеп жақын, ен маңызды, оның мұқтажына тікелей катысты реформа-экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын

құрал ретінде көрінбек, өйткені әрбір жеке адам баласы қауымдасты өзінің түкі мақсатты әл-ауқатын жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осынан сай келеді» – деген қорытынды жасайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өзінің осы шығармасында Шоқан Ресей патша өкіметінің саясатындағы отарлық мақсатты сол кездің өзінде айқын түсініп, қазақ сотының сақталуын талап етті. Дәстүрлі билер қызметінің ашықтығын, жариялышын, демократияның принциптерін жоғары бағалайды. Шоқан Шыңғыс хан заманынан енген ереже бойынша қазақ қоғамының «ақ сүйек» және «қара халық» болып жіктелуінә қарсы шығып, қоғамда бұл бөлінудің болуы бір-біріне қайшы мұдделердің шығуын көрсетеді деп есептеді [1, 37 б.].

Осы және басқа әлеуметтік жіктеудерден әртүрлі дау-жанжал, саяси-әлеуметтік шиеленістер туатының дәлелдей келе, қазақ халқын бірлікке шакырды. Ғалымның пікірінше, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін ең алдымен өмірге еркіндік берілуі қажет. Ал еркіндік дұрыс пайдалану үшін халыққа жалпы білім, әсіресе саяси сауаттылық қажет.

Шоқан Уәлихановтың саяси реформа туралы еңбегінде сібір қырғыздары аймақтарындағы сот реформасы бойынша халықтың қалың көшілігінің қалауы билер сотын есke халықтық формада қалдыру

болса, ал шенеунік дәрежесі жоғары және бай қырғыздардың жеке мұddeлери, билер сотын түп негізінен өзгерту болғанын айқын көруге болады [2, 32 б.].

Ресейдің өзінде де шеткі ұлт аймақтарының экономикалық және саяси дамуына елеулі әсер еткен маңызды оқиғалар өтіп жатты. XIX ғ. Ортасында дағдарысқа байланысты Ресейде саяси және идеологиялық курс шиеленісе түсті. Халық құресінің күшіне түсүніне байланысты Ресейде жүйені жойып, дамудын демократиялық жолына түсү мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Қазақстандағы, сондай-ақ, Ресейдегі саяси жағдайдың шиеленісі мен күрделене түсі Ш. Уәлихановтың қозқарасына әсер етпей коймады. Оның шығармаларында қазақ халықының жанды мәселелері көтеріліп, ол халықтың киын тауқыметін женілдетудің жолын іздеді. Оны қазақ халықының Ресейдің басқа халықтарының тағдыры толғандыры [3, 38 б.].

Ш. Уәлиханов қоғамдық үрдістердің түсіндіруде тұтастай алғанда идеалистік бағыт ұстанды, оның шығармаларында терең және таза ойлар сақталған. Осы түрғыда оның «Сот реформасы жайында» деген еңбегі көп қызығушылық тудырыды. Бұл еңбегінде ол қалың бұқараның мұддесін көздең, үстем таптың жүргізіп отырган реформаларының мән-мағынасы жайлай мәселе көтерген. [4, 496 б.]

Қазақ даласындағы өзірленіп жатқан сот реформасы жайлай өз пікірін айтпа, Ш. Уәлиханов реформаларды жүргізгенде қоғамдық-тарихи процесті ескеріп, қоғамдық өмірдегі әртүрлі факторлардың рөлін сараптау керек деп жазды. Қоғамдық реформа жүргізуін маңызын ескере келіп, ғалым әлеуметтік іс-шаралардың негізінде жатқан түрлі төрияларға сын көзben қаруа қажет екендігін атап көрсетті. Ол билай деп жазды: «...халық реформасынан жоғары тұратын маңызды қоғамдық реформа жоқ. Барлық заң шығарушылар мен реформаторлардың қоғамға пайданы көздең

келгені және көздейтін күмәнсіз, бірақ когам дамуына пайдалы, зиян деген түсінік әр ғасырда әртүрлі болды. Қазір біздің арамызда бағзы замандардан бері көшілік санасына сіңіп, бұлжымас аксиомаға айналып, күнделікті тірлі пен дағыға сай қалыптасып кеткен көптеген жабайы гипотезалар бар, ғылым олардың қателігі мен заманға сай келмейтін дәлелдеп отыр».

Ғалымның «Сот реформасы туралы жазба» еңбегінде сот құрылымдарын қайта жанғыртуға барынша ынта-жігермен кірсіп, халыққа білім беру мәселесіне назар аударды. Сот саласындағы түбегейлі өзгерістер, шамасы біздің аймағымыздың бұрынғы әкімшілік құрылымдардың да өзгерістеріне алып келеді және орыс үкіметі үшін де, сондай-ақ қырғыз халқы үшін де күрделі, ауыртпалығы көп бюрократтық хаостың орнына енді округтерде орыс ауылдық және калалық қауымы үшін едәүір тиімді баскармалардың құрыллатынына күмән болған жоқ [3, 38 б.].

Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде Сібір казактарына арналған сот реформасы туралы макаласында /жазбаларында/ ол реесми үкіметке көптеген талаптар қояды. Бұл талаптар негізінен халық өмірін жақсартуға, оның сот мәселесі жөнінде дербестігін сақтай отырып, орыстармен арапасуга мүмкіндік алуға бағытталған.

Патша үкіметі Сібірдегі қазактардың билігін заң жүзінде өзінің қолына алушы мақсат етті. Осы китүркі саясатқа тікелей қатысы болған 1860-шы жылдары жүргізіле бастаған сол реформадан Ш. Уәлиханов жақсы хабарберетті. Халықтың әдет-ғүрпін, дәстүрін жақсы билетін ол реформаны дайындаған облыстық баскарманы халық тағдырына нәмқұрайдылығы үшін сынға алды, халыққа тиімді өзгерістерді талап етеді. Атап айтқанда, біріншіден, Ш. Уәлиханов өз халықтың өзіндік ерекшелігін ескеру реформа дайындау барысында ерекше маңызды фактор екенін айтады. Ш. Уәлиханов осы сот реформасы жайлайтында қазақ даласында

жүргізілуге тиісті реформа халықтың мұддесіне, оның материалдық мұқтажына сай келуі, әрі сол қофамның ұлттық мінездүкүлкіна сәйкестендірілуі қажеттігін терең талдады. Ал, бұл жағдайдан тыс жасалған өзгерістердің бәрі де зиянды, жағымсыз құбылыс, деп түсінді Ш. Уәлиханов.

Қофамның дамуына не залал, не пайда екендігі жайында ұғымдар әр дәуірде әр түрлі болған, ал, халыққа ен маңыздысы, оның мұқтажын өтейтін нақты іс-шаралар. Реформа – ол экономикалық және әлеуметтік реформа.

Ш. Уәлиханов 1864-ші жылы жазған еңбегінде реформаны іске асыру барысында халықтың ерекшелігін ескеруі жайлы пікірін терендейте түсіп, реформалардың сәтті болуы халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, зандарын жан-жақты зерттеуге байланысты екенін айтады.

Саяси реформа экономикалық істерді іске асыратын құрал ретінде көрінеді – олар халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартуға бағытталып отырады. Прогресс дегеніміз өзі деп тұжырымдайды. Адам – әрқашан да өз ортасының презенті. Ендеше Ш. Уәлихановқа берер бағамыз нақты тарихи жағдайларға байланысты болмак.

Міне, осыдан кейін: «В наше время нет общественного вопроса, который был бы так важен, как вопрос о народных реформах. От неудачных и удачных реформ зависит вся будущность народа, в них заключается его быть или не быть. Реформы бывают только тогда удачными, когда они правильны т.е. тогда когда они основаны на тех неизбежных законах, прогресса при которых только и возможно здоровое развитие общественного организаций» деген шешімге келді. Тарихшы ғалым прогресс деген ұғымға халықты ағарту, отандастарының саяси-экономикалық жағдайын жақсарту. [5,451]

Ш.Уәлихановтың еңбектерін барлық оқырмандарға насиҳаттау керек. Өйткені Шоқан сынды зиялдының, қазақ ғалымы болғанын және оның идеясы ұлттымызбен бірге жасайтынын сезіну барша студенттер

үшін қажет. Шоқан уәлиханов ерлігін паш етуді оның өз сөзімен айтсақ, ол: «Халықтың кемелінә келіп өркендеуі үшін ен алдымен азаттық пен білім керек» деген. Шоқан мұралары – ұлт тарихы мен ұлт санасына серт.

Шоқан Шыңғысұлының мұраларында саяси реформа туралы мәселелері қамтылды. Н. М. Ядринцев: «Шоқан өз халқын сүюден айнаған жоқ, ол европалық ағартушылықпен өз халқының ұлттық қасиетін үштастыруды армандады», – деп жазды. Шоқанның өз тұған халқы алдында сінірген еңбегін бірер сөзбен айтқанда Шоқан халқын өзін-өзі тануға, түсінуге шақырды, сөйтіп, арманының орнына шылымды барынша игреу мәселесін қойды.

Бұгінгі Қазақстанда Шоқан Шыңғысұлының бастамасы – көрегендік идеясы, еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев жүргізіп отырған ішкі және сыртқы Қазақстан Республикасының саясатында нақты көрініс тауып іске асырылада.

Шоқан ғылым тарихындағы ұлы тұлға және тарихтағы ұлы тұлғаны танудың үздік ғылыми үлгісін көрсеткен жасампаз ойшыл. Оның бірде-бір шығармасы – қандай тақырыпқа жазылса да саяси реформа жайлы мәселесін айналып өткен емес.

Тарихшы ғалымның саяси реформа жайлы ойлары да құнарлы. Ондай болу үшін ақыл да, қайрат та, тапқырлық та, ержүректілік те, мінезде үйлесіп, үштасып жатуы. Шоқанның ғылыми көрегендігі тұған елінің нығаюы мен қауіпсіздігі үшін, елі мен жерін аман сақтап қалуда, ал XX ғасыр басындағы тарихшылар әлемдік өркениеттен кенже қала бастаған қазақты оянуға шақырды.

КОРЫТЫНДЫ

Заманында дүниежүзілік ғылымға елеулі үлес қосқан Ш. Уәлихановтың әр салалы, терең мазмұнды еңбектері, өзінің асыл тұлғасы мен жарқын бейнесі тарихтың әр кезеңінде жоғары бағаланды. Ол туралы замандастары жан тебірентерлік

жылы лебіздер қалдырды. Шығысты зерттеуші әйгілі ғалым Е. И. Ковалевский Шоқанды «Аскан данишпан жас жігіт», «тамаша ғалым», «қазақ халқының ен жакын досы әрі орыстың мемлекеттік мұддесін қадір тұтуши» деп атады. «Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәніндеңдегі аскан данишпаны болар еді» – дейді Г. Н. Потанин. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығыс тану әлемінің аспанынан құрықты жүлдіздай жарқа етіп ете шыкты. Орыс ориенталисттері бірауыздан оны таңғажайып құбылыс деп карады, одан түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды ұлы

жаналықтар ашады деп үміт күтіп еді» – деп жазды аты әйгілі шығыстанушы ғалым Н. И. Веселовский. Оның редакциясымен Ш. Ш. Уәлиханов шығармаларының жинағы Петербургте 1904 жылы жарық көрді. Шоқанды көрген, оны жақсы білген ғалымдардың ұлты лебіздері оның еңбегін ғылым әлемі әділ де жоғары бағалады.

Ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов әлем мен қазақ халқының соңғы үш мыңжылдық тарихына еркін бойлап, оның әр кезеңі мен дәуірінде ілгеріледің де, іркілістің де тұракты адам қолында кала беретінін дәлелдей білді.

ПАЙДАЛАНГАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Уәлиханов, Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы : «Толағай групп», 2010. – Т. 1. – 376 б.

2 Дулатов, М. Шоқан Шыңғысулы Уәлиханов // Қазақ тарихы. – 1994. – № 6. – 27- 32 б.

3 Карасаев, Ф. Шоқан Уәлиханов // Қазақ тарихы. – 2009. – № 1. – 35-38 б.

4 Уәлиханов, Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы : «Толағай групп», 2010. – Т. 4. – 496 б.

5 Уәлиханов, Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы : «Толағай групп», 2010. – Т. 3. – 451 б.

Материал 12.06.17 баспаға тусти.

3. Ш. Айткенов¹, М. С. Жұмабаева²
Политическая реформа в трудах Чокана Валиханова

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова г. Павлодар;

²Школа имени К. Шулембаева, г. Аксу.

Материал поступил в редакцию 12.06.17.

Z. Sh. Aytkenov¹, M. S. Zhumabaeva²
Political reform in the works of Chokan Valikhanov

¹S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

²School after K. Shulembaev, Pavlodar region, Aksu.

Material received on 12.06.17.

В статье рассматривается история в трудах Чокана Валиханова, посвященных вопросам политической реформы.

The article considers the history in the works of Chokan Valikhanov, dedicated to political reform.

3. Ш. АЙТКЕНОВ, М. С. ЖҰМАБАЕВА

A. Алибекова¹, А. С. Молдакимова²

¹магистрант; ²к.и.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

К ВОПРОСУ ПРИВЛЕЧЕНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ

В настоящей статье рассматривается структура и эффективность привлечения инвестиций в экономику Казахстана.

Ключевые слова: инвестиции, торговля, общество, экономика.

ВВЕДЕНИЕ

Привлечение и эффективное использование иностранных инвестиций в экономику Республики является основой, одним из основных направлений взаимовыгодного экономического сотрудничества Казахстана с зарубежными странами. Самые значительные объемы инвестиций в Казахстане имеет Европейский Союз. Доля прямых инвестиций стран-членов Европейского Союза с 2005 г. по первый квартал 2014 г. составила около 34,2 % (3479,5 миллионов американских долларов) от общего мирового объема инвестиций в казахстанскую экономику.

Для успешной реализации «экономизированной» внешней политики Республики Казахстан ключевой становится структурно-инвестиционная политика государства, которая должна ясно обозначить отраслевые и межотраслевые приоритеты, имеющие жизненно важное значение для развития страны, обеспечения ее независимости и экономической безопасности. В любом обществе инвестиции служат основой развития и укрепления экономики. В послании Президента Н. А. Назарбаева «Казахстан-2050. Новый политический курс, состоявшегося государства» к приоритетным долгосрочным целям и стратегии реализации отнесен

экономический рост, базирующийся на открытой рыночной экономике с высоким уровнем иностранных инвестиций. Таким образом, Казахстан, главной экономической задачей которого является вхождение в систему мировой экономики, большое внимание придает привлечению иностранных капиталовложений.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Масштабы, структура и эффективность привлечения инвестиций Европейского Союза в Казахстан во многом определяются наличием в стране благоприятного инвестиционного климата, понимаемого как комплекс материально-вещественных и институциональных условий, позволяющих европейским инвесторам получать доход на вложенный капитал и вести устойчивый предсказуемый бизнес.

В общем виде инвестиционный климат, существующий в Республике, определяется следующими факторами: характером законодательства, регулирующего приток капитала в страну, стабильностью экономической и политической ситуации, наличием запасов природного сырья и его использованием для деятельности совместных предприятий, степенью развитости инфраструктуры, энергетической обеспеченностью и наличием энергетических резервов и инвестиционной политикой государства.

Главным документом, регулирующим положение инвесторов Европейского Союза, являются соответствующие статьи Соглашения о партнерстве и сотрудничестве, подписанного между Республикой Казахстан и Европейским Союзом. В соответствии с Соглашением Казахстан предоставляет европейским бизнесменам и компаниям наилучшие, без исключения, условия. СПС также содержит отдельные положения о сотрудничестве в области законодательства, свободном передвижении прямых инвестиций, осуществлении платежей за товары и услуги в свободно конвертируемой валюте. Все это, безусловно, способствует сложению благоприятного климата и инвестиционных условий для иностранных инвесторов ЕС [1].

Активное привлечение иностранного капитала в экономику Казахстана началось в 1992 г. в форме экспортных кредитов на двусторонней основе. Значительная их часть была получена в период с 1992 по 1994 гг. Первыми кредиты РК предоставили правительства Германии и Австрии, они же оказались наиболее крупными кредиторами. Особенностью европейского капиталовложения в Казахстан является его концентрация в сырьевом секторе экономики. В отраслевом разрезе большая часть инвестиций поступает в нефтегазовый комплекс (около 46 % за период 2000-2010 гг.) и цветную металлургию (более 25 % с 2000 по 2010 гг.). Большой интерес иностранных инвесторов вызывают также черная металлургия (4,4 %), энергетический комплекс (4,3 %), пищевая промышленность (3,4 %), связь и добыча промышленность (2,4 %).

Приток прямых иностранных инвестиций в Казахстан осуществляется посредством создания совместных предприятий (СП), дочерних предприятий, приватизации государственных предприятий с участием иностранного капитала, передачи в управление

иностранным фирмам крупных промышленных предприятий и инвестирования банковского сектора.

Основной формой привлечения прямых инвестиций в Республику являются совместные предприятия, в меньшей степени со 100 %-ным иностранным капиталом дочерние предприятия. В настоящее время ни одна из стран не может эффективно развиваться без внешнеэкономических связей. Особенно существенно роль внешнеэкономических связей возросла в последние годы.

По данным Агентства по статистике Республики Казахстан, на 1 января 2012 г. в Казахстане было зарегистрировано 4 126 совместных и иностранных предприятий (в 2007 – 1366, в 2000 г. – 1865, в 1997 г. – 1388, в 1996 г. – 995, а в 1990 г. – всего 15).

Из 4366 совместных и иностранных предприятий в их число входит 2189 совместных предприятий и 2177 иностранных предприятий, созданных с участием партнеров из 99 стран с уставным капиталом в размере 139817,8 млн. тенге (на 1 января 2010 г.). Наибольшее количество предприятий с иностранными инвестициями на 1 января 2012 г. расположено на территории города Алматы – 1820 (в том числе 936 совместных и 884 иностранных предприятий), далее в Астане – 1156, Карагандинской области – 325, Атырауской области – 289, Алматинской области – 210, Восточно-Казахстанской области – 165 и остальные 406 в других регионах Казахстана.

Особое значение правительство Казахстана придает ускоренному развитию малого и среднего бизнеса. В этих целях принят целый пакет законодательных актов, закладывающих основу государственной поддержки индивидуального предпринимательства. В частности, упрощены процедуры регистрации, определены приоритеты и конкретные меры по активизации малого бизнеса.

А. АЛИБЕКОВА, А. С. МОЛДАКИМОВА

Сотрудничество ЕС и Казахстана в области развития малого и среднего бизнеса началось с 1993 г. Наиболее важными были такие проекты, как «Акция содействия Фонду поддержки предприятий» стоимостью 1 миллион ЭКЮ и «Создание консультационного отдела в Центре деловых связей» стоимостью 700 тысяч ЭКЮ.

В области развития малого и среднего бизнеса за прошедшие годы с марта 2007 г. по март 2009 г. в Казахстане по программе ЕС было реализовано 25 проектов по поддержке предпринимателей в разных регионах республики – от юга до севера [2].

В целях способствования развитию отношений в сфере бизнеса между Европейским Союзом и Казахстаном, а также поддержки и предоставления информации европейским компаниям, осуществляющим свою деятельность в Республике, и тем компаниям, которые рассматривают возможность осуществления своей деятельности в Казахстане или инвестирования, была создана Европейская бизнес-ассоциация Казахстана (ЕВРОБАК). ЕВРОБАК является некоммерческой организацией, созданной по инициативе работающих и осуществляющих инвестиции в Казахстане компаний Европейского Союза и делегации Комиссии Европейского Союза для представительства европейских деловых кругов в Республике.

Европейская бизнес-ассоциация Казахстана была создана в 1998 г. На сегодняшний день ЕВРОБАК насчитывает 51 членов, большинство из которых являются ведущими европейскими компаниями и организациями, базирующими и осуществляющими свою деятельность в Казахстане – «Бритиш Газ», «Эни Аджип», «ЭйБиЭн», «Амро Банк Казахстан», «Люфтганза», «КЛМ» и другие [2].

Важной сферой для привлечения инвестиции стран-членов Европейского

Союза является нефтегазовый сектор и цветная металлургия. Привлечение таких инвестиций в экономику Казахстана является объективно необходимым процессом. Это связано с ориентацией экономики Казахстана на рыночное хозяйствование, при котором резко повысилась потребность Республики в разработке месторождений нефти, газа, угля, черных и цветных руд, в развитии нефтегазовых промыслов, добычи минерального сырья, его переработки и, соответственно, повысилась потребность в привлечении иностранных капиталовложений.

Значение Каспийского региона, как для Казахстана, так и для других европейских стран определяется его географическим месторасположением и наличием на шельфе Каспийского моря огромных запасов углеводородов, т.е. нефти и газа. По данным Энергетического информационного управления США, запасы углеводородов на шельфе Каспийского моря и вокруг него составляют 178-191 миллиардов баррелей нефти, или 24-26 миллиардов тонн. Британские оценки нефтегазовых ресурсов намного скромнее и составляют 28 миллиардов баррелей нефти и 243 триллиона кубометров футов газа [4].

В настоящее время Казахстан занимает 9-е место в мире по объему разведанных запасов нефти, 16-е место по уровню его добычи и 8-е по природному газу и конденсату. На территории СНГ Казахстан является вторым по величине производителем нефти после Российской Федерации. По запасам нефти Каспийское море уступает Персидскому заливу, но превышает Северное море в два раза. Таким образом, в ближайшие 5-10 лет у Республики есть все шансы войти в первую «десятку» среди 98 нефтедобывающих стран мира по уровню добычи нефти, что составит не более 4 % мировой добычи нефти.

Из государств-членов Европейского Союза можно выделить наиболее главных инвестиционных партнеров, в отношении

которых Казахстан проводит политику, построенную на общности взаимовыгодных интересов и сотрудничества. Прежде всего это – Великобритания, Италия, ФРГ, Нидерланды и Франция.

Доля инвестиций ЕС в казахстанские проекты составляет примерно 14 % от общего объема инвестиций в Казахстане. Причем большую часть европейских инвестиций в казахстанскую экономику сделала Великобритания (12,6 % от общего объема инвестиций), далее следуют Нидерланды (2,6 %), Германия (2 %) и Италия (1,7 %) [1].

Интересы Казахстана в отношениях со странами ЕС заключаются в:

Жалпы алғанда, 1928-1930-жж. Қазақстанға 65 мың отбасы (260 мың адам), 1931-1937 жж. 642 мың адам көшіп келді. Олардың 35 %-ы (224,7 мың адам) кейін қайтты, қалғандары орнығып қалды. 1928-1937 жж. Қазақстанның қалаларын сырттан келген қоныстанушылардан 549 мың адам тұрактап қалса, 1938-1939 жж. тағы да 402 мың адам тұракты мекен етті. Соның нәтижесінде екі санақ арасында қаладағы ерлер 389,6 мынға (251,5 %-ға), әйелдер 370,3 мынға (242,4 %-ға) өскен. Міне, осылайша екі санақ арасында қала халқының саны есті. Ашықкан қазақ та ауылдан қалаға қашты, бірақ, көбісі қалаға

жетіп үлгермегі. Ал, жеткендері мардымсыз болды. Ашаршылық жылдары қазақтар қала халқының 8-9%-ын құраганын, 1939 ж. 16,1%-ға ғана көтерілгенін ескерсек, онда қала халқының толығу көзі сырттан келген көші-қоншылар есебінен екен анық.

1937 ж. санақ 1926 ж. салыстырғанда Қазақстан халқы 1 миллион 144,7 мың адамға кеміді [6] деп көрсетсе, 1939 ж. 77123 адамға есті [7] деп берді. Бірақ, екі санақта қазақтың кемеүін жасыра алмады. Республикадағы қазақтар 1937 ж. 5 млн 73,3 мың адам болуы тиіс еді. 1937 ж. санақ қазақтарды 2 млн 181,5 мың деп есептеді. Екі санақ арасында қазақтар 1 млн 393,8 мынға кеміген.

1926 ж. және 1939 ж. халық арасында қазақ 3575,3 мың адамнан 2327,6 мың адамға немесе 1 млн 247,7 мынға (35,8%-ға) азайған [7, 131-б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ашаршылық жылдары республикадан 1142 мың адам кетті, олардың 686 мының кайтпады, 456 мының кейінрек Қазақстанға қайта оралды [8, 14-б.]. Қайта оралған қазақтардан басқа үйымдастырылған түрде еңбек ресурстарын өнөркәсіпке, көлікке, құрылыш пен халық шаруашылығының басқа салаларына тарту арқылы халықтың саны, соның ішінде қазақтардың қала халқының құрамындағы үлесі есебастады. Шетке кеткен қазақтардың қайта оралу үдерісі Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдарға дейін жалғасып, біртіндеп тоқтады. Бұдан кейінгі қазақтардың Отанына қайта оралуы 1954-1962 жж. және Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан соң жүзеге асты. XX ғ. I жартысындағы ашаршылықтар қазақ халқын өркениеттің данғылымен емес, тар жол, тайғақ соқпағымен жүретіндегі етіп есептегітті. Созбалақтап, тоқтамай, сонында демографиялық апатқа ұшыратқан катализмдер кезінде 5 миллиондай опат болған қазақ әлем тарихына зардал шеккен ұлт болып жазылды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Классовый и профессиональный состав городского населения ТССР в 1923 г. Приложение к статистическому ежегоднику. – Ташкент : Издание Туркестанского экономического Совета, 1924. – С. II. – 142 с.

2 Құдайбергенова, А. И. Түркістан АКСР құрамында болған қазақ жерлерінің халқының құрамында болған өзгерістер /А. И. Құдайбергенова // Отан тарихы. – 2011. – № 2. – 112-122 б.

3 Койгелдиев, М. К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 гг. / М. К Койгелдиев. – Алматы : Искандер, 2009. – 448 с. – ISBN 9965-784-38-8.

4 Жолдасов, А. А. Демографические последствия колLECTivизации в Каракалпакии / А. А. Жолдасов // Вестник КарФАН УзССР. – 1991. – № 3. – С. 84-89.

5 Откочевка коренного населения за границу и его возвращение на родину // Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.). – Семипалатинск, 2002. – С. 174-175.

6 РМЭМ. 329-кор, 281-ic, 120-п.

7 Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5-ти томах. Т. 1. / отв. ред. М. Х. Асылбеков. – Алматы : Арыс, 2009. – 400 с. (С. 56). – ISBN 9965-17-640-X.

8 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931–1933 гг.: сборник документов и материалов / М-во науки – АН РК, Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова; Архив Президента РК; ЦГА РК. – Алматы : Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

9 Павлодар өнерінің тарихы туралы очерктер. ХХ ғасыр. – Павлодар : ЭКО ФОФ ЖШС, 2001 ж. – 79 б.

Материал 16.06.17 баспаға тусти.

М. С. Жұмабаева, А. Т. Шарипов

Трагические последствия голода в Прииртышье

Средняя школа имени К. Шулембаева, г. Аксу.

Материал поступил в редакцию 16.06.17.

M. S. Zhumabaeva, A. T. Sharipov

The tragic consequences of hunger in the Pavlodar Priirtyshye

School after K. Shulembaev, Pavlodar region, Aksu.

Material received on 16.06.17.

В статье рассматриваются демографические последствия голода в Казахстане начала XX века.

In this article the author is considering the demographic consequences of famine in Kazakhstan in the beginning of XX century.

М. С. ЖУМАБАЕВА, А. Т. ШАРИПОВ

A. Е. Жұмабай¹, А. Н. Муқанова²

¹магистрант; ²т.ф.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

XIX F. СОҢЫ – XX F. БАСЫНДА РЕСЕЙДІҢ ШЫҒЫСТАНУ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРЫ МЕН ФЫЛЫМИ МЕКЕМЕЛЕРИНДЕГІ АРАБТАНУ

Мақалада XIX гасырдың соңы XX гасыр басында Ресейде арабтанудың даму тарихы қарастырылған. Мақалада Ресей шығыстану аясында қызмет еткен зерттеу және оқу мекемелері ұснылыған. Талдау кезінде отандық галымдардың зерттеу жұмыстары қолданылды.

Кілтті сөздер: түрік тілі, тарих, халық, араб, татар, парсы.

КІРІСПЕ

1900 ж. Қаржы министрлігінің колдауымен, орыс классиктерінен түрік тілі аудармашылар ішінен атақты Ольга Сергеевна Лебедева (1954-?) пікірі бойынша СПб. орталық басқармасымен Шығыстану Қоғамдастыры құрылды.

О. С. Лебедева – «суфражист, бірнеше шығыстанушылар конгресінің катысушысы, татар халқындағы ағатушылықтың жақтаушысы, Түркияды орыс әдебиетін таратушы, Ресейде және т.б. елдерде мұсылман әйелдерінің эмансипациясын жақтаушы», түрік тілімен айналысты».

Шығыстану Қоғамдастыры: Ашхабатта, Благовещенск, Бұқара, Одесса, Омск, Ташкен, Тифлис, Хабаровск, Харбинде кеңінен тармакталған бөлімдерінің нұктелерін иеленді.

1901 ж. Шығыстану Қоғамдастыры «Шығыс тілдер курсын» ашты, 1903 ж. тындаушылардың болмауына байланысты жабылды; 1906 ж. «Шығыстану курсы» (түрік тілінен дәріс берген – К.Г. Вавваки) ашылды, ол өз кезегінде үш жылдық оқу курсымен «Практикалық шығыстану

академиясына» айналды (мұнда дәріс беру 1910 ж. 12 қантарда басталды).

Практикалық шығыстану академиясы разрядтар мен бөлімдерге бөлінді: жапон, қытай, монгол, парсы, балқан разрядтарына; әскери, коммерциялық, консульдық, шеті аймактық-әкімшілік бөлімдерге. Ерекше түркітік разряд болмай, түрік тілі балқан разрядында оқытылды.

Бірінші болып түрік тілі бойынша дәріс берген, әрі лектор СПб. унив., ШТФ-ін аяқтаған Македониялық түрік – Александр Спиридович Джоловский болды; келесі оқу жылында оны аустырган А. Н. Самойлович (1910 ж. желтоқсанынан 1917 ж. дейін арада екі жылдық үзіліспен), ол уақытта лектор Кониялық түрік Хасан Нури Кадызаде болды; 1912-1914 жж. А.Н. Самойловичтың уақытша кетүіне байланысты түрік тілінен дәріс берген – Александр Александрович Заводовский А. Н. Самойлович, ол «Жеке меншік, саудалық және ресми түрік катынас хаттарының жинағының үлгілерін» құрастырган (СПб., 1914 ж. 104 б. литография)

А. Н. Самойлович және Х. Н. Кадызаде өз тындаушыларына литографиялық әдіспен басылған «Осман-түрік тілдерін практикалық түрғыдан үрленуге арналған...» [1, 31 б.] еңбегін ұсынған.

1910 ж. Қоғам жаңынан «Грузин, армян, татар тілдерінің ведомствалық (Юстиция министрлігі) курстары» үйымдастырылды (жетекшісі акад. Н. Я. Марр). Татар (әзербайжан) тілінен С. М. Шапшал дәріс берді. Осында 1915 ж. А. Н. Самойлович сарт (өзбек) тілінен дәріс берді.

Шығыстану қоғамдастыры және Практикалық шығыстану академиясы 1918 ж. жабылды; барлық мұлкі жаңадан қайта құрылған Халық шаруашылығы институтына берілді.

Орыс ориенталистерінің қоғамдастыры (1910-1917 жж.).

Қоғамдастық С-Петерборда 1910 ж. 12 қантарында құрылды. Оның алдына койған мақсаты «бөлшектеніп кеткен ориенталистер құшін бір орталыққа біріктіруді» болды. Оның бағдарламасы: «а) Жаңашыл Шығысты лингвистикалық, филологиялық, тарихи, қоғамдық-саиси, экономикалық және т.б. жақтарынан зерттеу; б) орыс қоғамын Шығыс елдерімен және халықтарымен таныстыр және соғыларының арасында Ресей жөнінде дұрыс, нақты мәліметтер тарату; в) Ресейді екі жақтың қызығушылықтары негізінде Шығыспен жақындастыруға ықпал ету» болды.

Қоғамдастық өз ішінде Таяу, Орта және Қызығыстану секцияларын құрды. Ескеретін жайт, орыстың ірі шығыстанушылар – академиктері, профессорлары, СПб унив. шығыс тілдер факультетінің оқытушылары не ШҚ, не ООҚ мүше болған жоқ, сондыктан да ғылымда ешқандай із қалмады. Фалымшығыстанушылар ОАҚШБ және оның «Естеліктерінде» біріккен.

Владивостоктағы Шығыстану институты (1899-1916 жж.). Институттың негізгі мақсаты қытай, жапон, корей, монгол және маньчжур тілдерін практикалық түрғыдан зерттеу болды; ол Қызығыстану институтының даярау түрғысынан маңызды үлес қости.

XVIII ғ. Тобыл Басти халықтық училищесінде татар тілі класы ашылды, оны София соборының діни қызметшісі Иосиф (Осип) Иванович Гиганов жүргізжі, татар тілінің бірінші баспа грамматикасының авторы.

1824 ж. Орынборда құрылған Неплюев әскери училищесі (салтанатты ашылмы) 1825 ж. 2 қантарда өтті) Н. И. Неплюев құрметінә атaldы – XVIII ғ. орта шенінде Орынборды басқарды және осы училищенің ашылуына жаржы бөлді. Алғашқыда контингентін 40 оқушы құраған. Оку курсы алты жыл

деп белгіленді; уш класс: төменгі, орта, жоғарғы.

Училищеннің мақсаты мен міндеттері келесідей болып анықталды: «Училище алдыңғы қатардағы оку орны. Шығыс тілдерінің дәрістері басты оку пәндері, оку мекемесінің басты мақсаты осындағы корпустың тұракты әскерінің офицерлерін аудармашылар ретінде оқыту және азиаттарарасында агартушылықтара тарату» [2, 134 б.]. Жалпы және әскери пәндер арасында араб тілдері енгізілген: араб, татар, парсы тілдері. Төменгі класта араб, татар, парсы грамматикасын оқыту шешілген; орта класта синтаксис, грамматика тәртіптері бойынша шығармалар жазу, жоғары класта араб, татар, парсы тілдеріндегі авиорларды оку.

Араб және парсы тілдерінен алғашқылардың бірі болып дәріс берген П. И. Демезон. 1837 ж. татар тілінен дәріс берген Салихұджан Кукляшев – Қазан унив. түлегі, кейін Мартиниан Иванов.

Әскери гимназиялар мен прогимназиялар. 1866 ж. Сібір кадет корпусына айналып қайта құрылған Сібір әскери гимназиясында (Омск қ.) 1869 ж. – 1873 ж. дейін татар тілінен дәріс берілген; Орынбор прогимназиясында 1869 ж. – 1875 ж. дейін берілген. 1869 ж. Омск казак училищесінің базасы негізінде құрылған Омск прогимназиясында Батыс-Сібір әскери округіне шығыс тілдерін аудару қызметіне 30 тәрбиеленушінің дайындауга арналған бөлім ашылды; бірақ 1871 ж. татаратылды.

1810 ж. Тобыл Басты халықтық училищесі Тобыл гимназиясына айналып қайта құрылы, мұнда да татар тілінен дәріс берілді; Жарғыға қосымша тәртіптер бойынша 1849 ж. 21 наурызынан аталған гимназияда ниет білдіргендеге грек тілінің орнына татар тілінен дәріс беруге рұқсат етілді. Мұнда татар тілінен алғаш рет дәріс берген (1810 ж.) Сейфуллин болды.

1851 ж. Томс гимназиясында грек тілінің орнына татар тілінен дәріс беруге енгізілді.

1853 ж. тамызынан Орынбор гимназиясында барлық оқушылар үшін татар тілі міндетті пән ретінде енгізілді.

1850 ж. қыркүйегінде Новочеркасск гимназиясында «Жеке кавказ корпусына әскери аудармашыларды оқыту үшін Шығыс тілдер бөлімін» ашуға рұқсат етілді; оку 1853 ж. басталды. Араб, татар, авар тілдері оқытылды; курс екі жылды құрады. 1851 ж. түрік тілі бойынша аға оқытушы болып Қазан унив. кандидаты Иосиф Адамов тағайындалды; XVIII ғ. 60-шы жж. татар тілінен дәріс берген Абдул Гасан Везиров [3, 13 б.] болды.

Тифлиси гимназиясында (1829 ж. құрылған) 1853 ж. жарғы бойынша грузин және татар (әзербайжан) тілдері алғашқы екі класстың барлық оқушылар үшін міндетті пәндер болып саналды. Мұнда татар тілінен дәріс берген Юсуф Шахназаров, Л.З. Будагов (1840-1844 жж.), Қазан унив. түлегі Иван Григорьев және (1858 ж.) Мырза Жебраил Исрафилов – Дербенттік тума.

Тифлиси сидағыда Кутан гимназиясында грузин және түрік татар тілдерінен дәріс беру енгізілді. 1853 ж. ереже бойынша грузин тілі барлық оқушылар үшін міндетті, ал түрік тілі тек қана казенномоштық тәрбиеленушілер үшін ғана оқытылды.

Ставропол гимназиясында (1837 ж. 1 шілде де құрылған) татар және армян тілдерінен дәріс берілді, соңғысы тек қана армяндар үшін; 1848 ж. черкес тілі енгізілді, 30-шы 40-шы жж. аяғында Саратов гимназиясында татар тілінің оқытушысы – Г. С. Саблуков болды.

Астрахань гимназиясында татар тілі 1837 ж. оқытылды. Мұнда 1843 ж. Қазан унив. түлегі Ильин Виктор дәріс берді.

1827 ж. Симферополь гимназиясында татар училишелік белімі ашылды, оның мақсаты кала және ауыл училишелеріне болды.

оқытушылар дайында болды. Бөлімде казина есебінен жиырма адам тәрбиеленді, негізінен рухани білімді татар балалары алғынды; XIX ғ. 50-ші жж. бөлім менгерушісі және татар тілінен дәріс берген шенді кеңесші Абд-ал-Рахман Челеби-Крым-Ховаджи, «Татар сөздерін септікке және жіктеу үшін үлгілерін ұсынатын, мақалдар, мысалдармен берілген татарорыс сөздіктері» оку құралының авторы – 1850 ж. Қазанда басылған.

Ташкент мұғалімдер семинариясының (1879 ж. 30 тамызда құрылған) директоры Николай Петрович Остроумов (1846-1930 жж.) болды, мұнда орыс балаларымен катар өзбек балалары қабылданды. Семинарлық курста алғашқы уақыта өзбек және парсы (тәжік) тілдері енгізілді; бірнеше шығыс тілдерінің оқытушысы Я. Я. Лювш болды.

1881 ж. аталған тілдердің орнына қырғыз (қазак) тілі берілді; Я. Я. Лювш осы курсы қамтамассыз ету үшін «Қырғыз хрестоматиясын Түркістан өлкесінің халықтық әдебиетінің үлгілерінің жинағы» құралын құрастырды.

1884-1885 оку жж. Семинарияда қазақ тілінің орнына өзбек тілі енгізілді; тәжік тілінен дәріс беру жалғасты. 1885 ж. қантарынан – 1890 ж. мамырына дейін бұл тілдерді жергілікті тілдердің асқан шебері және өзбектер мен тәжіктердің этнографы Владимир Петрович Наливкин (1852-1918 жж.) берді; бірнеше өзбек және тәжік тілдері оку құралдарының авторы.

Мұнда шығыс тілдерінен дәріс берген: М. С. Андреев (1894-1896 жж.), В. П. Наливкин, В. С. Яковлев, А. А. Ломакин, А. Абдульгафаров, Х. Ибрагимов, С. Ходжаев, С. М. Сычев.

Ташкент мұғалімдер семинариясында білім алған танымал шығыстанушылар – М.С. Андреев, В.Л. Вяткин, П.Е. Кузнецов, К.К. Юдахин.

Ташкенттік шыныайы училище (1893 ж. 20 желтоқсанда құрылған) өзінің бағдарламасына өзбек тілін оқытуды

енгізіді, оны Таиырбек Киясбеков жүргізді. Училища оқытушысы М. С. Андреев «ТШУ» бастауыш сарт тілін оқытатын...» оку қуралын (1899 ж.), келесі оқытушы Л. А. Зимин «Табиги әдіске негізделген сарт тілі оқулығын» (Ташкент, 1914 ж., 1 шығарылым, 2-ші басылым) [4, 4 б.].

1907 ж. В. Н. Дунин-Барковский Ташкентте Коммерциялық училище, яғни жеке мешік өзбек оку мекемесін ашты, мұнда шығыс тілдерінен дәріс берілді. Коқан коммерциалық училищесінде өзбек тілінен дәріс берген – М. М. Оракулов.

Түркістан өлкесіндегі орыс-туземдік мектептері жергілікті халықтың ішінде орыс тілінен білімнің тараптуу жолында манызды рөл ойнады.

Түркістан әскери округы штабының Ташкенттік шығыс тілдер офицерлер мектебі офицерлерді индустанни (урду) тілінен оқыту бойынша бір уақытта Ташкентте (1897 ж. 1 қазан), Ашхабатта (1897 ж. 16 желтоқсан) ашылған курстарды біріктіру негізінде құрылды. Курстарды мектептерге айналдырып қайта құру 1900 ж. 11 қыркүйегінде орындалды; мектепте урдудан басқа ағылшын (1904 ж. бастап), парсы, сарт (1905 ж. бастап) тілдері, мұсылмандық құқық (1906 ж. бастап), Орта Азия және оған көрші елдердің тарихы мен әскери статистикасы (1910 ж. бастап), ауған және қытай тілдері (1911 ж. бастап) оқытылды. Парсы және индустанни тілдерінен дәрісті И. Д. Ягелло, өзбек тілінен Сайд Расул Ходжа, Сайд Азиз Ходжаев және Таирбек Киясбеков, мұсылмандық құқықтан Н. П. Остроумов, Орта Азия және оған көрші елдер тарихы мен ... – А. А. Семенов берді. Мектеп «Хабаршы» [5, 3 б.].

1913 ж. дейін 4 басылым жарық көрді) және «Хабаршыға қосымша» (1911 ж. екі басылым жарық көрді) журналдарын шығарды. Мектеп өзінің қызметін бірнеше дүние жүзілік соғыс қарсаңында тоқтатты (1914-1918 жж.).

Ниет білдірген орыстар үшін сарт және парсы тілдері бойынша ақылы кешкі курстар Шығыстану Қоғамдастығының Ташкенттік бөлімімен 1902 ж. ашылды; Өзбек тілі бойынша бірінші оқытушы П. Е. Кузнецов болды.

1911 ж. сарт тілінің кешкі курсы күрүлды, мұнда төриясы бойынша дәріс берген – офицер Атаев, практикасын Сеид Расул Сеид Азизов жүргізді; негізгі оку құралы ретіндегі В. П. Наливкинның «Сарт тілін практикалық тұрғыдан оқытуудың басшылығы» (Ташкент, 1899 ж.) кітабы очеркі² жұмыстарында орын алған болды.

Түркістанда жергілікті өзбек, казақ, тәжік, тілдерін оқыту өлкенің әкімшілігімен жан-жақты марапатталып отырды; сондай-ақ, 25.XII 1905 ж.

Түркістан генерал-губернаторының әскери министрге жазылған хатында келесі шараларды іске асыруды түбебейлі сұраған: «1. барлық әкімшілік шенеуліктеріне, уезд бастықтарына дейін, жергілікті тілдерін оқыту; 2. өз ауданының тілімен танысу бір жылдық болу; 3. тілді білу деңгейі аудармашыларды қадағалай алатында дәрежеде болу... 7. Жергілікті тілдерді оқығаны үшін қолдау түрі ретінде жалақысын көтеру» [2, 134 б.].

Бұл хат жергілікті тілдерді біршама ауқымды әскери және азаматтық шенеуліктер ортасында оқытууды үйимдастыру сөтсіздіктерге ұшырағанан кейін пайда болды.

Түркістанды, оның тілін, археологиясын, географиясын, этнографиясын, тарихын, фольклорын зерттеудің пионерлері негізінен шығыстанулық дайындығын СПб, Мәскеуден, Қазаннан алған жергілікті мектептердің шенеуліктері мен оқытушылары болды; олардың ортасынан: И. А. Беляев, М. Ф. Гаврилов, Е. Ф. Каль, А. Л. Кун, Я. Я. Лютш, Н. П. Остроумов, Н. Г. Малицкий, А. А. Семёнов, М. С. Андреев, И. Д. Ягелло,

В. Л. Вяткин, В. П. Наливкин және т.б. атап етуге болады.

Түркістанды зерттеу тұрғысынан XIX ғ. Ташкент пен Ашхабатта күрүлған ғылыми қоғамдастықтар маңызды рөл ойнады.

Октябрь оқиғасы кезеңіне дейін Түркістаның жергілікті тұрғылықты халыққа арналған мектептер жөнінде В. В. Бартольдтың «Түркістанның мәдени өмірі тарихы»¹ және К. Е. Бендриковтың «Түркістандағы халықтық білім тарихы очеркі»² жұмыстарында орын алған болды.

Төмөнгі оку мекемелері. Ақмешіт училищесі – бірінші төмөнгі оку мекемесі, онда 1809 ж. шығыс тілдерінен дәріс беру басталды.

1816 ж. күрүлған Ноғай қаласындағы училище екі кластан тұрды: 1) орыс тілі және арифметика, 2) жазбаша татар тілі.

1810 ж. маусымда Симферопольдік уездік училищеде түрік-татар және араб тілдерін оқытатын татар бөлімі ашылды.

1812 ж. күрүлған Феодосийск уездік училищесінде татар тілі класы 1814 ж. маусымынан 1857 ж. сөүрінен дейін қызмет етті, дәріс берген Шейх-Челеби.

Перекоптік уездік училищеде татар тілі 1835 ж. – 1850 ж. дейін берілді.

Бақшасарай және Қарасубазар приходтық училищесінде татар тілі 1837 ж. бастап берілді, екіншісінде дәріс берген Арифметов еді.

Қазан рухани академиясы. Қазан рухани семинариясы 1797 ж. Қазан рухани академиясы болып кайта күрүлды; соңғысы 1818 ж. ҚРС қайта айналып, 1842 ж. 8 қарашасында ҚРА екінші рет ауыстырылды.

1800 ж. бастап ҚРА татар тілінің оқытушысы Александр Алексеевич Трооянский (1779-1824 жж.), шыққан жері – Қазан уезінің шоқынған-татар Анизов селосы; сондыктан да, татар ортасында татар тілін еркін біліп, сөйлеген.

1822 ж. жазылған қызметтік тізімінен ол жөнінде мынданай ақпараттар алуға

болады: «Татар тілінің мұғалімі, діни қызметкер, 43 жаста, великороссиянин, дьякон ұлы. ҚРА білім алды. 1799 ж. окуын аяқтағаннан кейін Қазан губерниясымен Царевококшайский округіне, Сотнуры селосына діни қызметкер болып жіберілді, онда 1800 ж. дейін болып, ҚРА татар тілі мұғалімі, 1803 ж. орсы класы мұғалімі, ал 1808 ж. катихизатор болып тағайындалды. 1818 ж. семинария және училище ашылғаннан кейін семинарлық басшылықпен КУУ татар тілінің мұғалімі болып тағайындалды, 1821 ж. ҚРС-да осы тілдің мұғалімі болып тағайындалған», мұнда 1820 ж. бастап татар, чуваши, және черемис тілдері енгізілді. Әз кезеңінде А. Троянский татар тілінің грамматикасы және сөздігін құрастырыды.

Семинария мен училище де татар тілі міндетті болған жоқ; барлық кластардың студенттері мен окушылар түстен кейін «өз еркі бойынша» айналысты. Бұл тіл бойынша окушылардың саны 20-дан 100-ге дейін саналып отырды. Рухани басшылық, жекелеген жағдайларда ҚРС-ның татар тілі класына осы тілдің болашақ мұғалімдерін жіберіп отырды; мақсат – Вятск рухани семинариясында татар тілі класын ашу болды, осы семинарияның басшылығы 1815 ж. Қазанға вятск епархиясының діни студенті – Гавриил Сперанскийді татар тілін үйренуге жіберdi.

1824 ж. 2 қазанда А. А. Троянский қ.б. кейін татар тілінен дәрісті оның шекірті – Алексей Онисифоров берді, ол Мамадышский үезінің шоқынған-татар Юкачах селосында д.к., өз мұғалім сияқты шоқынған татарлар ауылында татар тілін еркін біліп өскен. ҚРА-да татар класы бойынша ең алдынғы катардағы окушы болса керек. А. Онисифоров 1820 ж. ҚРС үшінші разряд бойынша аяқтап, студенттік уакытынан Троянскийгеге татар тілінен дәріс беруге көмек берді (1817 ж.), кейін 1-ші Қазан гимназиясында дәріс берді.

1870 ж. ҚРС-да татар тілі сағаттары кайта өсті, сонда жергілікті консистория

татар жергілікті халқынан тек қана жоғары да аталғандан (Троянский, Онисифоров сияқты), яғни тиісті дәрежеде татар тілін билетін діни қызметкерлердің келуін анықтауды шешті, осы үшін оларды анықтайтын ерекше емтихан алушы тағайындалды.

Бұл іске асырылған шара татар, чуваши, черемис тілдері оқытын тындаушылардың санының көбеюіне әсер етпей койды; 1850-1874 жж. ҚРС-ның ширек ғасырында татар тілі бойынша 361 адам, 1859-1871 жж. 235 адам оқыған [3, 7 б.].

1842 ж. ҚРА қайта құрғаннан кейін 1845 ж. қантарынан онда екі разряд, яғни кафедралар – монгол-қалмақ, түрік-татар құралып, онда татар, түрік, араб тілдерінен дәріс берілді, оқыған – М. А. Казем-Бек болды. 1846 ж. қазаның да түрік-татар тілі кафедрасына М. А. Казем-Бектің шекірті, ҚРА түлегі (1846 ж.) Николай Иванович Ильминский (1822-1891 жж.) тағайындалды, кейін FA корреспондент-мүшесі (1870 ж.) бірнеше, түрік тілдерінің тамаша білгірі.

1854/55 жж. оку жылдарында шығыс тілдер кафедрасының орнына христиандықты үтітеді енгізу мақсатымен мұсылмандық діни окуларға, буддизмге қарсы, татарлар, монголдар, буряттар, чуаштар, череместер арасындағы тәнгірі сеніміне қарсы бағытталған үш миссионерлік бөлімдер ашылды. 1858/59 жж. оку жылдарынан бастап барлық студенттер үшін ислам мен буддизмді оку міндеттігінен енгізілді.

Ильминский ҚРА-да 1858 ж. дейін, яғни оку мекемесінің басшылығымен оның принциптерге деген көзқарастары, дәріс беру әдістерінің олармен бір арнаға тоғыспаған уақытында оның академияны тастап, Орынбор шегаралық комиссиясына кіші аудармашы қызметінә айстырылуына міндеттеді.

Н. И. Ильминский Қазан мектебінің тамаша өкілі, түріктанушы, арабтанушы, миссионерлік идеялармен, «бөтен

халықтардың» ортасында «ағартушылық» қызметімен терең әуестенгенімен түрктануға, не арабтануға бере алатын мүмкіншілктерін пайдаланбады.

Ильминскийдің орнын Гордий Семенович Саблюков (1804-1880 жж.) 1849 ж. бастап ҚРА-да грек тілінің бакалавры болған, МРА-ның түлегі (1826-1830 жж.), таяу шығыстың үш тілін түбөгейлі білген, Саратов семинариясында Н. Г. Чернышевскийдің оқытушысы болған, Әбілғазы Баһадүр ханың «Түрік шежіресін» және Құранды орыс тіліне аударған. Г. С. Саблюков ҚРА, ҚРС – да демалысқа кеткенге, яғни 1862 ж. дейін татар тілінен дәріс берді.

Татар және араб тілдерінің босаған орнына 1863 ж. мұсылмада кайта Н. И. Ильминский шақырылып, 1869 ж. дейін дәріс берді.

Осы уақытта ҚРА-на татар және араб тілдерінің түбөгейлі білгірі, Кеңестік ғұлама түрктанушы С. Е. Маловтың әкесі Евфимий Александрович Малов (1835-1918 жж.) жіберілді; ҚРА түлегі, Г. С. Саблюковтың шәкірті, 1862 ж. магистр түлегі, мұсылмандыққа қарсы шықкан, өз күшін мұсылмандыққа қарсы үгіттеген.

XIX ғ. 60-шы жж. ҚРС татар тілінен дәрісберген Я. И. Фортунатов болды. 1863 ж. қыркүйекте татар сөйлеу тілі сапасын арыттыру мақсатында татар тілінің ерекше практикалық класы енгізілді, бұл діни қызметкер, Қазан губерниясының мемлекеттік шаруасы ертеде шоқынған татар – Василий Тимофеевич Тимофеевке тапсырылды.

1870 ж. мұсылмандыққа қарсы кафедраны ҚРА түлегі (1870 ж. аяқтаған), Г. С. Саблюков пен Н. И. Ильминскийдің шәкірті, 1877 ж. Ташкентке халықтық училишелер инспекторы қызметіне тағайындалып көшкен – Н. П. Остроумов алды. Остроумов араб, парсы, бірнеше түрік тілдерінің ірі білгірі, этнограф, фольклорист, исламтанушы болды.

Рухани семинариялар. Семинариялар Ресейде I Петр уақытынан бастап қызмет еткен; XVIII ғ. сонында шығыстық шеткегі аймактарының рухани семинарияларда өздерін жергілікті халық ортасында христиандық сенімді үгіттеуге арналғандарға татар және «бөтөн халықтардың» тілін үйретуге дайындау үшін кластар ашылды.

1783 ж. бастап Нижегородск семинариясында татар, чуваш, мордов, черемис тілдері оқытылды; 1783 ж. бастап Тобыл семинариясында татар тілі оқытылып, 1846 ж. үзіліспен кайта беріле бастады; 1777 ж. бастап Астрахань семинариясында татар тілі, 1846 ж. бастап Вятск семинариясында татар тілі (1855 ж. бастап татар тілінің орнына черемис тілі берілді), 1858 ж. бастап Симбирс семинариясында татар тілімен бірге чуваш тілі, 1856 ж. бастап Саратов семинариясында татар тілі, 1859 ж. бастап Уфа семинариясында татар және чуваш тілдері, XIX ғ. ортасынан Тамбовта татар тілі, Орынборда татар және чуваш тілдері, Самара татар тілі, Томске татар тілі, Якутста якут тілі, Херсонсекта қырымтатар тілі, Тифлисекта грузин, 1868 ж. бастап татар (әзербайжан), осетин тілдері, 1846 ж. құрылған Кавказ (Старополь) семинариясында қалмақ, татар, 1847 ж. бастап осетин тілдері оқытылды [3, 134 б.]

Миссионерлік мақсатпен оқытылған шығыс тілдері Астрахань, Вятск, Дон, Иркутск, Перм, Самара семинарияларында оқытылды.

Рухани семинариялар. XIX ғ. бірінші жартысында рухани семинарияларда ежелгі еврей тілінің орнына татар, чуваш, черемис, монгол, якут, маньчур, осетин, грузин, черкес, қалмақ тілдерін оқыту енгізілді.

Татар тілі Нижегородск, Пензенск, Далматовск, Чистопольск, Оренбургск, Пермск, Екатеринбургск, Тоболск рухани училишелерінде оқытылды; татар, чуваш, черемис тілдері Қазан училищесінде

оқытылды, татар тілінен дәріс берген – Габдул Кайюм Насыров болды, ол татар мәдениетінің атақты қызметкері, ғалым; чуваш және черемис тілдері Чебоксаровс училищесінде; татар және қалмақ тілдері Астрахань және Ставропольск училишелерінде; якут тілі Якутск училищесінде; татар (әзербайжан), черкесск, грузин, осетин тілдері Тифлисск, Кутаисск, Телявск училишелерінде оқытылды.

XIX 30-шы жж. Горийск уездік училищесінде Сараджев қызмет етті, «татар» тілі хрестоматиясының авторы.

Жарғы бойынша 1869 ж. рухани училишелерде шығыс тілдері оқу бағдарламасынан алынды.

Университеттерде, институттарда, Азиялық музейде және ғылыми қоғамдастықтардағы шығыстану. Елдің университет кафедраларында, бөлімдерінде шығыстанудың ашылғанына он жылар өтпестен, шығыс тілдерін оқыту дүрыс құрылды ма, сондай-ак жоғарғы оқу орындарында мамандарды дайындау қажет пе деген сұрақ тұрды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ал казір, бірнеше жылдар өткенен кейін, шығыс тілдерін оқытудың жағымды және жағымсыз жақтарын, университеттік деңгейге қажет бағдарлама, оқу пәндерін анықтау мүмкін. Сондай-ақ, салыстыру тұрғысынан, Франция, Германия, Голландия және Англиядығы шығыстанулық оқу орындары жинаған тәжірибелен анықтауға болады, бірақ дәріс беру әдісі және кейбір тұстарынғана, соны естен шығарма керек.

Ресей империясының Батыс Еуропа империяларынан айырмашылығы түбөгейлі өзгерістермен көрінді. Батыс Еуропа мемлекеттерінің отар иеліктері метрополиядан мындаған теңіз қашықтықтарымен алшақ жатты.

Метрополия өміріндегі әлеуметтік, қоғамдық-саяси, экономикалық және т.б. өзгерістер салдарлары алшақ территорияларға өсері тиген жок. Ал Ресейде өзгеше болды. Мұндағы экономикалық өзгерістер, мемлекетті басқарудағы жаңару формалары, құқытық нормалары Ресейдің отарлау процесінде өзгеріп, басып алған елдердің діни және ұлттық институттарына тікелей немесе жаңама өсер етті [1, 134 б.]

Ресей жағдайында шығыстану білімін үйімдастыру жүйесі күрделі және икемделгіш болу керек еді, яғни тәжірибелік шығыстану тұрғысынан пайдалану үшін.

XIX ғ. бірінші жартысында шығыстанудың дамуы Ресейде кен түрде жүрді. Шығыстанулық кафедралар және бөлімдер Қазанда, Мәскеуде, Петербургте, Одессада және т.б. ашылды. Негізінен университеттік шығыстануда, бұл кезең шығыстанушаларды дайындау бағдарламасын өзірлеу тұрғысынан шешілмей, құлдырауға келді. Отандық шығыстанудағы беделді тарихшылар: академик В. В. Бартольд және А. Н. Кононов ойлары бойынша XIX ғ. 40-шы жж. шығыс тілдеріне дәріс беру дағдарыста болды, себебі бірінші орында, университеттік шығыстанудың дамуының мақсат, міндеттерінің анықталмауы «ауыр дағдарыска әкелді» [6, 134 б.] деді.

Сонымен қатар бұл жағдай, білгір шығыстанушылардың даярлануы тұрғысынан қызығушылық танытқан әртүрлі үкіметтік ведомствалардың (мысалы, халық агарту министрлігі, сыртқы істер министрлігі, каржы министрлігі) өз ара шығыстанушылардың оқу бағдарламалары, мақсат, міндеттері жөнінде бір шешімге келе алмаудын, жағдайды ушықтыра түсті. Осыған коса, мемлекеттік қазна қаржыландыруды көтеруге ынталанбады.

ПАЙДАЛАНГАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кононов, А. Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Л. : Наука, 1982. – 2-е изд., доп., испр. – 360 с.

2 История отечественного востоковедения до середины XIX века. – М. : Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. – 435 с.

3 История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – М. : Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. – 536 с.

4 Крачковский, И. Ю. Очерки по истории русской арабистики – М. : АН СССР, 1950. – 300 с.

5 Густерин, П. О подготовке арабистов и исламоведов в российских вузах // Высшее образование сегодня. – 2009. – № 9. – С. 22-24.

6 Бартольд, В. В. Сочинения. Том VIII.: Работы по источниковедению. – М. : Наука, 1073. – 700 с.

Материал 16.06.17 баспаға түсті.

A. E. Жұмабай, A. N. Муканова

Арабистика в востоковедных и научных учреждениях России в конце XIX – начале XX в.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 16.06.17.

A. E. Zhumabay, B. Yelmuratova

Arabic studies in the oriental and scientific institutions of Russia in the late XIX – early XX century

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 16.06.17.

В работе изучена история развития арабистики в России в конце XIX началье XX века. В статье представлены научные и учебные заведения, действовавшие в рамках востоковедения в России. В труде были использованы научные исследования отечественных ученых.

The history of the development of Arabic studies in Russia in the late XIXth and early XXth centuries is studied. The article presents the scientific and educational institutions that operated within the framework of oriental studies in Russia. In the work scientific researches of domestic scientists were used.

ӘОЖ 94:31(574)

Ф. Б. Жұмағұл¹, А. А. Касқабасова²

¹студент, ²зға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар к.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ САНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНДЕГІ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ФАКТОРЫ

Берілген мақалада ұжымдастыру мен ашаршылық нәтижесіндегі Қазақстан Республикасындағы қазақ халқы санының өзгеру ролі қарастырылады.
Кілттің сөздөрі: ашаршылық, ұжымдастыру, халық саны.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып жатқан кезде ұзак жылдар бойы отаршылдықтың тұтқынына түскен санамыз қайта жаңданып, даму үрдісін бастап откізуде. Кеңес үкіметі кезіндегі айтылмаған, айтылуға тыйым салынған көптеген тарихы құнды деректерімізді зерттеуге бет бұрып жатырмыз. Соның бір жарқын көрінісі ретінде үлттық демографиямызда орын алып отырған өзгерістерден айқын байқалады. Кейінгі жылдары қазақ халқының демографиялық мәліметтерді білуге деген қызығушылығы артып, казақ ұлты өз жерінде қалай азшылыққа ұшырады деген сауалдар әркімді де ойландырапы сөзсіз. Тарихқа көз жүгірттің болсақ Қазақстанда XX ғасыр ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Отken ғасырдың алғашкы жартысы – қазақ халқының өмірінде бетбұрысты кезең деп саналады. Әсіресе 20-30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасиrettі беттерін айғақтайды. Зерттеуші ғалымдар осы мәселе мен айналысып, Қазақстанда халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастап кешкен және оны үш кезенге бөліп қарастырады: – 1919-1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам) – 1931-1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам) – 1946 жылдары соғыс жағдайында болған аштық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әрине, бірінші ашаршылық та сүмдүк болды. Бірінші ашаршылық 1919-1922 жж. болған. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің онтүстік аймақтарын қамтыды, нак осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық, әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930-жылдарда 1,5 млн-нан 2,5 млн. адамға дейін болды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туыннады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын тұрде ұстады. Осылайша, қазақтар іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Әлемдік тарих мұндай көң ауқымды ашаршылықты білген емес. Оның айқын көрінісі ретінде тарих беттерінде калған 1931-1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасиrettі «Ұлы жұт» кесірінен күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиясы жағынан азшылыққа ұшырап отыр.

Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі аяу райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жүқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді.

Ашаршылық кезінде қашама қазак қыршынынан қылды. Оған дәлел мұрағаттойнауында сакталған көптеген ресми құжаттар. Үлт зиялды М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазак өмір сүрген болса, ал М. Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша казактар саны 1965 443 өрн жетіп жығылған» – деген мәліметтер көрсетілген [1, 260 б.]. Ал, белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше «1931-1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн казактардың және 200 мың көлімсектердің қайтыс болғаны анықталды. Отырышы көлімсектер арасында аштықтан өлгендер 10 %-ға жетсе, көшпенди казактар арасында бұл көрсеткіш 52-53 %-тен асып кеткен. Осыдан 17-18 % жергілікті тұрғындардың «Қазақстаннан біржола қөшіп кеткен» – деген мәліметтерді есепке алсақ, казак халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70 % дейін кемігені қөрінеді [2, 17 б.] Бұл деректер осыған дейін жарияланған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір естелігінде ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргенмін. Көзімнің жеткені – 1939 жылғы санақта казак халқының санын айтартықтай асырып жазғандығын анғардым. Сонда, «озбыр саясат «орыс емес» үлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген», – деп пайымдаған болатын. 1879 жылғы санақта казактар 5 млн. болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта казактар 2 млн. 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап отырып, 42 жылда казактар азamat соғысы, байларды қемпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932-1933 жылдардағы аштық, 1937-1938 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады.

Қазақстандық тарихшы
А. Н. Алексеенконың еңбектері Қазақстандағы ауыл тұрғындарының табиги және қоші-кон козғалысын, халық санының өсу динамикасы және оның үлттық құрамын зерттеуге арналған. Көптеген мұрағат деректері мен жарияланған материалдары негізінде ауыл тұрғындарының негізгі даму бағыттары анықталады. Сол сиякты 1920-1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптары, жаппай коныс аудару, қоші-кон, 1930-1940 жылдардағы құғын-сүргінге ұшыраған халықтардың жер аударылуы мәселелер карастырылған [3]. Яғни, бұл ғалымның зерттеуі бойынша әртүрлі есептеулер мен түзетулерге сүйенгенде, 1930-шы жылдарғы қазак халқының шырылуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47,3 пайызы құрайды. Бұқілодактық халық санактары бойынша әртүрлі авторлардың зерттеулерінде қазак халқының сан жағынан кему қөрсеткішінде шамалы айырмашылықтар байқалады. Мәселен, А. Н. Алексеенконың мәліметтерінде 1939 жылғы қазақтың саны 2 млн. 328 адам делинген.

XIX ғасырдың 30-жылдар басында өткөрген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен катар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, Сталиннің үртоқпағы – Ф. Голощекин болатын. Голощекиннің келе сала қолға алған ісі – жаппай кенестендіру жүйесін енгізіп, қазак халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Құштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазак көшпелі өмір салтын отырышыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Коныстандыру басқармасының өзірлеген шаралары негізінде жүзеге

асырыла бастады. Ауылшаруашылық өнімдерін құштеп дайындау жоспарына қазак қоғамы кенестендіру саясатына мойынсұна коймады, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың үлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа талтық жүйені жылдам қабылдауға дайын емес еді. Большевиктік партияның жүргізген ұжымдастыру саясаты салдарынан қазак жерінің көптеген аудандарында аштық жайлады. Ашықкан шаруалардың басым бөлігі туған жерін тастап қалаларға шоғырланды, шекара асып басқа елдерге қоныс аудара бастады. 1930-1933 жылдардағы жаппай кенестендіру саясаты жергілікті халықтың наразылығын тудырып, алғашқы бастамасы күшпен ұжымдастыру аштық пен халықтың үдерे көшуіне әкеліп соқты.

Қазақ халқының үдере көшу көлемі туралы қазақтың белгілі ұлы тұлғасы Тұrap Рысқұловтың И. Сталинге, В. Молотовқа жазған (1933 ж. 9 наурыз) хатында: «...Қонысын тастап, Қазақстанмен көршілес өлкелерге қошкен казактардың мекен-жайларынан келіп түсін, шамамен алынған соңғы деректерге қараганда: қазір Орта Еділде - 40 мың, Қыргызстанда – 100 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Орта Азияда – 30 мың қазақ бар. Қонысынан аугандар қалмак жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сиякты шалғай жерлерге де қошпіл кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды... Бұл қазактардың қоші қоны емес, басы ауған жаққа кетуі» – деген мәліметтерді қөрсетеді [1, 262 б.]

Шаруалардың наразылығы халықтың басым бөлігін қөтеріліске итермеледі. Ресми деректерге сүйенсек, осы жылдары «Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас қөтерулеріге, 80 мынға жуық адам қатысты» [1, 239 б.]. «Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, 77-сі 1931 жылы орын алды. Қөтерілішілер

санын есепке алуы бойынша 1929 жылы Қазақстанда қөтерілішілердің 31 тобы әрекет етіп, оларға 351 адам қатысса, 1930 жылы 85 топ, 1925 адам, ал 1931 жылы 80 топ, 3192 адам. Яғни қөрсетілген мерзімде қөтерілішілердің барлығы 196 тобы бас қөтеріп, оларға 5468 адам қатысқан» [5, 126 б.]. Бірақ та, ресми партиялық құжаттармен танысқанда ОГПУ берген есептеулердің толық емес екендігіне көз жеткізуге болар еді. Мәселен, 1931 жылдың желтоқсанында Ф.И. Голощекиннің И.В. Сталинге жазған хатында мынандай жолдар бар: «Тап күресінің өрістейін ГПУдің анықтамасын томендеғідей анықтамасын білуге болады: соңғы екі жыlda ірі бандалардың (қөтерілішілер) 34000-дай адам қатысқан 15 бас қөтеруі орын алды. Осы жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және оған қатысқан 7,5 мың кісі қолға түсті...» – деген мәліметтер көрсетеді [5, 127 б.]. Сонымен катар, Қазақстан Халық Комиссарлары кенесінің төрағасы Ораз Исаевтың 1932 жылы тамызда И. Сталинге жазған хатында қөтеріліс, Алтайдан Манғыстауға дейінгі үлкен аймакты қамтыған, яғни бүкіл Қазақстанды шарығанын айтады. Соның ішінде қазак даласындағы ірі қөтерілістер: Созак, Ырғыз, Қарақұм, Адай, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Балқаш, Жетісу, Сарқан, Қордай. Бұл ірі қөтерілістер болғанымен, тоталитарлық жүйенің қуатты әскери күшине қары төтеп бере алмады. Қөп кешікпей қөтеріліс жанышталып, шаруалар наразылығына қатысқандар қатаң жазаға тартылды. Осы «қөтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін КСРО Халық комиссарлары Кенесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді» [5, 142 б.]

1933 жылы 31қантар РКФСР үкіметі төрағасының орынбасары Тұrap Рысқұлов Қазақстанның жанадан тағайындалған

басшысы Л. Мирзоянға жазған хатында Шұбартау ауданын негізінен қазақтарға тұратын 70 ауданның қатарына жаткызып, егіншіліктің жетіспеушілігінен күйзеліс басталып, 1931 жылдан бастап, жаппай наразылық басталғанын атап көрсеткен еді [1, 2416]. Халықтың мұндай ауыр хәлге душар болуының басты себебі, 1928 жылдан бергі ет салығының көбейіп кетуінен болды. Мәселен, Шұбартау ауданы орталықтағы өнеркәсіпті аудандарды ет өнімдерімен жабдықтайтын және Семей ет комбинатына мал өнімдерін өткізетін басты мал шаруашылығы аудандарының бірі болған еді. Оның үстінен, 1930 жылдың басынан кең өрістеген ауқатты шаруаларға қарсы кенес үкіметінің жаулық саясаты олардың шаруашылықтарын түгелдей дерлік күйретіп улгерді. Көтеріліс 1931 жылғы наурыз айының алғашқы жартысында басталды және оған (ОГПУ-дін реєсми мәліметтерін бойынша) 600-ге тарта адам катысты [1, 241 б.]. Аудан басшылары кашкан орталыктарында шаруалардың мекемелерді жаппай тонаушылығы басталды. Аудан аумағына жазалаушы коммунистік әскери жасақтың келіп кіруі көтерілістің кең тарап кетуіне жол бермеді. Ауыл көтерілішілері әскери күшке төтеп бере алмады. Көтеріліске қатысқандар катал жазаланды. «ОГПУ-дін Ерекше үштігі өзінің 1931 жылдың 14 мамырындағы және 19 маусымындағы, сондай-ақ, келесі 1932 жылдың 19 маусымындағы үкімдерімен 28 адамды, көтеріліс басшыларын атуға, 66 адамды 3 жылдан 10 жылға мерзімге енбек түзету лагеріне қамауға, 17 адамды Қазақстанның өз ішінде 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімде жер аударуға кесті» [5, 206-207 б.].

«Жас тұлпар» үймының жетекшісі, әйгілі жазушы Мұрат Әуезовтің Алматыдағы ЖОО-дағы замандастарымен болған бір кездесуде: «1932 жылы 10 қазақтың біреуі ғана аман қалып отырған. Халықтық жалпы

да кетті. Мұнын бәрің, қазіргі біздің жастар білуі тиіс және есте сактау керек...» – деген болатын [6, 221 б.]. Ал академик М. Қозыбаев «1930-1933 жылдардағы ашаршылықта халықтың 52 %-ы қырылды» деп көрсетеді. Жалпы есептеулерге тоқталар болсақ, 1930-1933 жылдар аралығындағы қазақ халықтың санының кемуін белгілі демограф Талас Омарбековтың есептеуі бойынша: «Қазақстанның Егіншілік Халық Комиссириатының (Наркомзэм) мәліметтерін бойынша 1930-1932 жылдары Қазақстанның ауыл халықтың кемуі 1 млн 831441 адам деп көрсетіледі. Бұл тек қазақ халықтың санының кемуі емес, сонымен қатар қазақ жеріндегі босқындардың кемуі көрсетілген.

XX ғасырдағы болған алапат ашаршылық 7 миллион адамның өмірін жалмаған адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі. Сол уақытта ашаршылық тек қазақ жерін ғана емес, сондай ақ Ресей, Украина, Белорусь жерлерінде қамтыды. Бірақ та, қазақ осы жасанды саясаттың ең күтті зардал шеккендердің бірі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев халықтың басына түсken бұл нөүбетті көптеген зерттеуді қажет ететінін атап өтті. Ашаршылықтың алдындағы ұжымдастыру науқандары талай дәүірден бері капысыз қалыптастан көшпелі қазақтың шаруашылығын шайқап, тіршілік қалыбын бұзғаның да тілге тиек етті. Қазақ халқы ашаршылықта дейінгі санына тек 1970 жылдары ғана әрек қол жеткізді. «Егер де сол ашаршылық болмаған кезде, енді қазақтың саны қанша болар еді, өздеріңiz есептей берініздер» – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы [7].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде мамандардың айтуынша, ашаршылық басталған 1932 жылы туылған 10 қазақтың біреуі ғана аман қалып отырған. Халықтық жалпы

